LG
Life's Good

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

СК дисплейлі теледидар / жарық диодты СК дисплейлі теледидар / плазмалық теледидар

Құрылғыны қолданар алдында нұсқаулықты мұқият оқып, анықтамалық құрал ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.

www.lg.com

ЛИЦЕНЗИЯЛАР

Қолдау көрсетілетін лицензиялар үлгілері бойынша өзгеше болуы мүмкін. Лицензиялар туралы қосымша ақпаратты www.lg.com. торабынан қараңыз.

Dolby Laboratories лицензиясымен өндірілген. «Dolby» және қос D таңбасы — Dolby Laboratories компаниясының сауда белгілері.

HDMI, HDMI логотипі және High-Definition Multimedia Interface — HDMI Licensing LLC компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

DIVX БЕЙНЕСІ ТУРАЛЫ: DivX® — Rovi Corporation компаниясының еншілес компаниясы болып келетін DivX ЖШС жасаған сандық бейне пішімі. Бұл — DivX бейнесін ойнататын ресми DivX Certified® құрылғысы. Қосымша ақпарат және файлдарды DivX бейнесіне түрлендіру құралдары туралы мағлұмат алу үшін divx.com сайтын қараңыз.

DIVX ТАЛАП БОЙЫНША БЕЙНЕ ТУРАЛЫ: осы DivX Certified® құрылғысы сатып алынған DivX талап бойынша бейне (VOD) фильмдерін ойнату үшін тіркелуі тиіс. Тіркеу кодын алу үшін, құрылғының параметрлерін орнату мәзірінен DivX VOD бөлімін табыңыз. Қосымша ақпарат пен тіркелуді аяқтау туралы толық мағлұмат алу үшін, vod.divx.com торабына өтіңіз.

«DivX Certified® HD 1080p, соның ішінде ақылы мазмұнды DivX® бейнелерін ойнатуға арналған.»

«DivX®, DivX Certified® және олардың логотиптері — Rovi Corporation мен оның еншілес компанияларының сауда белгілері, олар лицензия бойынша пайдаланылады.»

«Келесі бір немесе бірнеше АҚШ патенттеріне кіреді: 7,295,673; 7,460,668; 7,515,710; 7,519,274»

МАЗМҰНЫ

2 ЛИЦЕНЗИЯЛАР

6 ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ

6 Орамынан шығару
9 Бөлек сатылады
9 Бөлшектер мен түймелер
16 Теледидарды көтеру және жылжыту
16 Теледидардың параметрлерін орнату
16 - Тіректі орнату
20 - Үстел тәріздес тіректі қолданбау
21 - Үстелге орнату
22 - Қабырғаға орнату
24 - Кабельдерді жинау
25 - Дисплейді орналастыру
25 - Теледидарды жалғау

26 ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ

30 ТЕЛЕДИДАР ҚАРАУ

30 Антеннаны жалғау
30 Теледидарды бірінші рет қосу
31 Теледидар қарау
31 Бағдарламаларды реттеу
31 - Бағдарламаны автоматты түрде орнату
33 - Кабельдік DTV параметрлері (Тек Кабель режимінде)
34 - Бағдарламаны қолмен орнату (Сандық режимде)
35 - Арнаны қолмен орнату (Аналог режимінде)
36 - Күшейткіш
36 - Бағдарламалар тізімін өңдеу
38 - CI [Жалпы интерфейс] ақпараты
39 - Бағдарламалар тізімін таңдау
40 ЭБН (Электрондық бағдарлама нұсқаулығы) (сандық режимде)
40 - ЭБН-ды қосу/өшіру
40 - Бағдарламаны таңдау
41 - ҚАЗІРГІ/КЕЛЕСІ нұсқаулық режимі
41 - 8 күндік нұсқаулық режимі
41 - Күнді ауыстыру режимі
41 - Ашылған сипаттама терезесі
41 - Жазу/еске салу параметрлерін орнату режимі
41 - Еске салу параметрлерін орнату режимі
42 - Кесте тізімі режимі
42 Қосымша опцияларды пайдалану
42 - Кадр пішімін реттеу
44 - AV режимдерін өзгерту
44 - Кіріс тізімін пайдалану
45 - Теледидардағы түймелерді құлыптау (ата-аналық құлып)
46 Жылдам өту мәзірін пайдалану
47 Тұтынушы қолдауын пайдалану
47 - Бағдарлама жаңартуын тексеру
48 - Суретті / дыбысты тексеру
48 - Сигнал тексеруді пайдалану
48 - Өнімді немесе қызмет ақпаратын пайдалану

49 3D БЕЙНЕ

49 3D технологиясы
50 - 3D көзілдірікті пайдаланғанда
50 - 3D бейнелеуді көру ауқымы
51 3D бейнелеуді қарау

53 КӘСІПОРЫН

53 - Сымды желіге қосылу
54 - Желі күйі
55 - USB жад құрылғысын қосу
56 - Файлдарды шолу
57 - Фильмдер көру
60 - Фотосуреттерді көру
62 - Музыка тыңдау
64 - DivX® VOD нұсқаулығы

65 ТЕЛЕДИДАР ПАРАМЕТРЛЕРІН БАПТАУ

65 Негізгі мәзірлерге кіру
66 Параметрлерді реттеу
66 - ОРНАТУ параметрлері
67 - СУРЕТ параметрлері
73 - ДЫБЫС параметрлері
76 - УАҚЫТ параметрлері
77 - ҚҰЛЫПТАУ параметрлері
78 - ПАРАМЕТР параметрлері
81 - ЖЕЛІ параметрлері

82 БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

83 Байланыстарға шолу
84 HD ресиверіне, DVD ойнатқышына немесе бейнемагнитофонға жалғау
84 - HDMI байланысы
84 - DVI-HDMI байланысы
84 - Құрамдас байланыс
85 - Euro Scart қосылымы
86 - Құрама байланыс
86 Компьютерге қосу
86 - HDMI байланысы
86 - DVI-HDMI байланысы
86 - RGB байланысы
87 Аудио жүйесіне қосу
87 - Сандық оптикалық аудио байланыс
88 - Құлақаспап байланысы
88 USB-ге қосу
88 CI модуліне жалғау
89 SIMPLINK байланысы
89 - SIMPLINK мүмкіндігін іске қосу

90 ТЕЛЕМӘТІН

90 Қосу және өшіру
90 Қарапайым мәтін
90 - Бетті таңдау
90 Жоғары мәтін
90 - Блокты / топты / бетті таңдау
90 - Бетті тікелей таңдау
91 Жылдам мәтін
91 - Бетті таңдау
91 Арнайы телемәтін функциясы

92 САНДЫҚ ТЕЛЕМӘТІН

92 Сандық қызмет ішіндегі телемәтін
92 Сандық қызмет ішіндегі телемәтін

93 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

93 Теледидарды тазалау
93 - Экран және жақтау
93 - Түпқойма және тірек
93 - Қуат сымы
94 Теледидар экранында«Бейненің басылып қалуы» мен «Бейне ізінің»пайда болуына жол бермеу

95 АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

97 ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

109 IR КОДТАРЫ

110 СЫРТҚЫ БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ

110 RS-232C Орнату
110 Жалғағыш түрі;
110 D-Sub 9 істікшесі
110 RS-232C конфигурациялары
111 Байланыс параметрлері
111 Пәрмендердің анықтамалық тізімі
112 Тасымалдау / қабылдау протоколы

ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ

Орамынан шығару

Өнімнің қорабында төмендегі заттардың бар екенін тексеріңіз. Кейбір қосалқы құралдары жетіспесе, өнімді сатқан жергілікті дилерге хабарласыңыз. Нұсқаулықтағы суреттер өнімнің және бірге берілген заттардың нақты түрінен өзгеше болуы мүмкін.



Қашықтан басқару құралы және батареялар (AAA)

Пайдаланушы нұсқаулығы

Сүртетін шүберек[1] (Бұл бұйым барлық үлгілерге қосылмаған)



Феррит өзегі (Үлгіге байланысты)

Қуат сымы(Бұл бұйым барлық үлгілерге қосылмаған)

1 Теледидардың сыртындағы дақтарды шүберекпен ақырын сүртіп алыңыз.

Тек 42/50PT25**, 50/60PV25**, 42/50PT35**, 50PV35**, 50/60PZ25**, 42/50PW45**, 50/60PZ55**, 42/50PT45** үлгілерінде

M4 x 26 M5 x 14.5

(60PV25**, 60PZ25**, 60PZ55** үлгілерінен басқасында)

M4 x 28 M5 x 24

(Тек 60PV25**, 60PZ25**, 60PZ55** үлгілерінде)

Құрастыру бұрандасы

Кабель ұстатқыш

Қуат сымының ұстағышы

Қорғағыш қақпақ

3D көзілдірігі (AG-S250 : Үлгіге байланысты)

Қорғаныс үлдірі

Қазақша

Тек 22LK33** үлгісінде

Кабель ұстатқыш

Қорғағыш қақпақ

Тек 19/22/26LV25**, 22/26LV55**, 19/22LV23** үлгілерінде

x 2

x 2

(M4x6) (M4x16)
(19/22LV23** үлгілерінен басқасында)

x 4

M4 x 14
(Тек 19/22LV23** үлгілерінде)

Құрастыру бұрандасы



немесе

Кабель ұстатқыш



Тұрақты ток адаптері

Тек 26/32LK33**, 32/37/42LK43**, 32/42/47LK53**, 32/37/42LK45**, 32/42LK55**, 47LK95**, 32/37/42LK46** үлгілерінде

x 8

(M4x20)

Құрастыру бұрандасы

(47LK53**, 47LK95** үлгісінен басқасында)

Бекіту бұрандасы

Қорғағыш қақпақ

(Тек 47LK95** үлгілерінде)

FPR 3D көзілдірігі[1]

Тек 32LV25**, 32/37/40/42/47LV35**, 32/42/47/55LW45**, 32/37/42/47LV45**, 32/42LV34**, 42/47LW54**, 32/37/42/47LV36** үлгілерінде

x 8

x 8

(M4x12)
(32LV25** үлгілерінен басқасында)

(M4x14)
(Тек 32LV25** үлгілерінде)

Құрастыру бұрандасы

(Тек 32LV25**, 32/37LV35**, 32LW45**, 32/37LV45**, 32LV34**, 32/37LV36** үлгілерінде)

Бекіту бұрандасы

(Тек 32/42/47/55LW45**, 42/47LW54** үлгілерінде)

FPR 3D көзілдірігі[1]

1 3D көзілдіріктерінің саны мемлекетке қарай әртүрлі болуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, өнімнің жұмыс мерзімін арттыру үшін, қолдан жасалған өнімдерді пайдаланбаңыз.
- Қолдан жасалған өнімдерді пайдаланудан туындаған зақымдар немесе жарақаттар кепілдікке кірмейді.

ЕСКЕРТПЕ

- Өніммен бірге берілген заттар оның үлгісіне қарай әртүрлі болуы мүмкін.
- Өнім сипаттамалары немесе осы нұсқаулықтың мазмұны өнім функцияларының жетілдірілуіне байланысты алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Феррит өзегін пайдалану әдісі(тек плазмалы теледидарда)

1 Компьютердің дыбыс кабеліндегі электромагниттік кедергіні азайту үшін, феррит өзегін пайдаланыңыз.
Компьютердің дыбыс кабелін феррит өзегіне үш рет ораңыз. Феррит өзегін теледидарға жақын қойыңыз.

[сыртқы құрылғыға]



[теледидарға]

(Сұр)
[феррит өзегінің көлденең қимасы]

[1-сурет]

2 Қуат сымдағы электромагниттік кедергіні азайту үшін, феррит өзегін пайдаланыңыз.
Қуат сымын феррит өзегіне бір рет ораңыз. Феррит өзегін теледидарға жақын қойыңыз.

[розетка ашасына]



[теледидарға]

(Қара)
[феррит өзегінің көлденең қимасы]

[2-сурет]

3 Қуат сымдағы электромагниттік кедергіні азайту үшін, феррит өзегін пайдаланыңыз.
Қуат сымын феррит өзегіне бір рет ораңыз. Феррит өзегін теледидарға және розетка ашасына жақын қойыңыз.

[розетка ашасына]



[теледидарға]

(Қара)
[феррит өзегінің көлденең қимасы]

[3-сурет]

4 LAN кабельдегі электромагниттік кедергіні кетіру үшін феррит өзекті пайдаланыңыз.
Жергілікті желі кабелін кішкентай феррит өзегіне бір рет, үлкен феррит өзегіне үш рет ораңыз. Феррит өзекті теледидарға жақын қойыңыз.

[теледидарға]



[сыртқы құрылғыға]

A (Сұр)	B (Сұр)

[феррит өзегінің көлденең қимасы]

[4-сурет]

- Феррит өзегі біреу болса, 1-суретте көрсетілгендей орындаңыз.
- Феррит өзегі екеу болса, 1- және 2-суретте көрсетілгендей орындаңыз.
- Феррит өзегі үшеу болса, 1- және 3-суретте көрсетілгендей орындаңыз.
- Егер төрт феррит өзек болса, 1, 2 және 4(1)-суретте көрсетілгендей орындаңыз.
- Егер бес феррит өзек болса, 1, 3 және 4(1)-суретте көрсетілгендей орындаңыз.
- Егер алты феррит өзек болса, 1, 3 және 4(2)-суретте көрсетілгендей орындаңыз.

- Байланыс жақсы орнатылуы үшін, HDMI кабельдері және USB құрылғылары ұштарының қалыңдығы 10 мм-ден және ені 18 мм-ден аспауы керек.(42/50PT25**, 50/60PV25**, 42/50PT35**, 50PV35**, 50/60PZ25**, 42/50PW45**, 50/60PZ55**, 22/26/32LK33**, 32/37/42LK43**, 32/42/47LK53**, 47LK95**, 42/50PT45** үлгілерінен басқасында)



*A ≦ 10 mm
*B ≦ 18 mm

Қазақша

Бөлек сатылады

Сапаны арттыру мақсатында, бөлек сатылатын бөлшектерді ешбір ескертусіз ауыстыруға немесе өзгертуге болады. Осы заттарды сатып алу үшін, дилеріңізге хабарласыңыз. Бұл құрылғы тек үйлесімді LG плазмалық, ЖД СКД немесе СКД теледидарларымен жұмыс істейді.

Тек плазмалы теледидарда	Тек СКД теледидарында/ЖД СКД теледидарында
3D Glasses (AG-S230, AG-S250, AG-S270 : тек 3D үлгілерінде)	FPR 3D көзілдірігі[1] (AG-F2** : тек 3D үлгілерінде)

1 Үлгінің атауы және дизайны өнім функцияларына жасалған жетілдірулер, өндіруші жағдайларына немесе саясатына байланысты өзгертілуі мүмкін.

Бөлшектер мен түймелер

ЕСКЕРТПЕ

- Тұтынылатын қуат мөлшерін азайту мақсатында теледидарды күту режиміне қоюға болады. Егер біраз уақыт қарамайтын болса, теледидарды өшіріп қою қажет. Бұл тұтынылатын қуат мөлшерін азайтады.
- Пайдалану барысында бейне жарықтығы азайтылатын болса, ол қуат шығындарын елеулі түрде азайтып, жалпы пайдалану шығындарын төмендетеді.

ЕСКЕРТУ

- Шыны тірекке тұрмаңыз немесе оған ешқандай соққы келтірмеңіз. Ол сынып кетіп, шыны жарықшақтары жарақаттауы немесе теледидар құлап кетуі мүмкін
- Теледидарды сүйретпеңіз. Еден немесе өнім зақымдалуы мүмкін
- Кейбір үлгілердің экранына жұқа үлдір жабыстырылған, оны алуға болмайды.

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тек 50/60PZ25**, 42/50PW45**, 50/60PZ55**, 42/50PT45** үлгілерінде



Түйме	Сипаттама
⏻/I	Қуатты қосады немесе өшіреді
INPUT	Кіріс көзін өзгертеді
HOME	Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады
OK⊙	Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды
− ◿ +	Дыбыс деңгейін реттейді
⌄ P ⌃	Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды

1 Зерделі сенсор: қоршаған ортаға сәйкес бейне сапасын реттейді.

2 Түрту түймесі: түрту арқылы қалаған түйме функциясын қолдануға болады.

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тек 50/60PV25**, 42/50PT35**, 50PV35**, 42/50PT25** үлгілерінде



Түйме	Сипаттама
⏻/I	Қуатты қосады немесе өшіреді
INPUT	Кіріс көзін өзгертеді
HOME	Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады
OK⊙	Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды
– ◿ +	Дыбыс деңгейін реттейді
⌄ P ⌃	Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды

1 Зерделі сенсор: қоршаған ортаға сәйкес бейне сапасын реттейді.

2 Түрту түймесі: түрту арқылы қалаған түйме функциясын қолдануға болады.

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тек 22/26/32LK33**, 32/37/42LK43**, 32/42/47LK53**, 47LK95** үлгілерінде (32/42/47LK530T үлгілерінен басқасында)



No.	Сипаттама
1	USB кірісі
2	PCMCIA картасының ұясы
3	HDMI кірісі(22LK33** үлгілерінен басқасында)
4	Құлақаспапқа арналған ұя

Түйме	Сипаттама
⏻/I	Қуатты қосады немесе өшіреді
INPUT	Кіріс көзін өзгертеді
HOME	Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады
OK⊙	Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды
− ◿ +	Дыбыс деңгейін реттейді
⌄ P ⌃	Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды

1 Зерделі сенсор: қоршаған ортаға сәйкес бейне сапасын реттейді. (Тек 32/42/47LK53**, 47LK95** үлгілерінде)

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тек 19/22/26LV25**, 19/22LV23**, 22/26LV55** үлгісінде



Түйме	Сипаттама
∨ P ∧	Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды
− ◿ +	Дыбыс деңгейін реттейді
OK⊙	Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды
HOME	Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады
INPUT	Кіріс көзін өзгертеді
⏻/I	Қуатты қосады немесе өшіреді

1 Зерделі сенсор: қоршаған ортаға сәйкес бейне сапасын реттейді.
2 Түрту түймесі: түрту арқылы қалаған түйме функциясын қолдануға болады.

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тек 32/42/47LK530T, 32/42LK550T, 32/37/42/47LV355T үлгісінде



Түйме	Сипаттама
∨ P ∧	Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды
− ⊿ +	Дыбыс деңгейін реттейді
OK⊙	Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды
HOME	Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады
INPUT	Кіріс көзін өзгертеді
⏻/I	Қуатты қосады немесе өшіреді

1 Зерделі сенсор: қоршаған ортаға сәйкес бейне сапасын реттейді.
2 Түрту түймесі: түрту арқылы қалаған түйме функциясын қолдануға болады.

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тек 32/37/42LK45**, 32/42LK55**, 32LV25**, 32/42LV34**, 32/37/40/42/47LV35**, 32/37/42/47LV45**, 32/42/47/55LW45**, 42/47LW54**, 32/37/42LK46**, 32/37/42/47LV36** үлгісінде (32/42LK550T, 32/37/42/47LV355T үлгілерінен басқасында)



No.	Сипаттама
1	USB кірісі
2	PCMCIA картасының ұясы
3	HDMI кірісі(32/42LV34** үлгілерінен басқасында)
4	Құлақаспапқа арналған ұя(32/42LV34** үлгілерінен басқасында)

Түйме	Сипаттама
∨ P ∧	Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды
− ◿ +	Дыбыс деңгейін реттейді
OK⊙	Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды
HOME	Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады
INPUT	Кіріс көзін өзгертеді
⏻/I	Қуатты қосады немесе өшіреді

1 Зерделі сенсор: қоршаған ортаға сәйкес бейне сапасын реттейді.
2 Түрту түймесі: түрту арқылы қалаған түйме функциясын қолдануға болады.

Теледидарды көтеру және жылжыту

Теледидарды жылжытқанда немесе көтергенде, теледидарды сырылу және зақымнан қорғап, түріне және көлеміне қарамастан қауіпсіз түрде тасымалдау үшін, төмендегі ақпаратты оқыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Экранды қолмен ұстамаңыз: экранға немесе бейнені құрайтын кейбір пиксельдерге зақым келуі мүмкін.

- Теледидарды зауытта салынған қорабында немесе орамында тасымалдаған жөн.
- Теледидарды жылжыту немесе көтеру үшін, алдымен қуат сымын және барлық кабельдерді ажырату керек.
- Теледидарды ұстағанда, сырылып қалмауы үшін, экран сыртқа қарап тұру керек.

- Теледидар жақтауының жоғарғы жағы мен түбін жақсылап ұстаңыз. Мөлдір бөлікті, динамикті немесе динамик торының аймағын ұстамаңыз.



- Үлкен теледидарды кемінде 2 адам тасымалдауы керек.
- Теледидарды қолмен тасымалдағанда, төмендегі суретте көрсетілгендей ұстау керек.



- Тасымалдағанда, теледидарды қатты шайқамаңыз.
- Тасымалдағанда, теледидарды тігінен ұстаңыз. Жанына жатқызбаңыз және сол немесе оң жағына қарай еңкейтпеңіз.

Теледидардың параметрлерін орнату

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Теледидарды тірегіне қойып, үстелге немесе қабырғаға орнатыңыз.

Тіректі орнату

(Тек 42/50PT25**, 50/60PV25**, 42/50PT35**, 50PV35**, 50/60PZ25**, 42/50PW45**, 50/60PZ55**, 42/50PT45** үлгілерінде)

1 Экран жағын төмен қаратып, теледидарды тегіс бетке қойыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Экранды зақымдамау үшін, беттің үстіне поролоннан төсеніш немесе жұмсақ шүберек жайыңыз.

2 **Тірек корпусының** бөлшектерін теледидардың **тірек негізімен** біріктіріңіз.



3 Теледидар мен тіректі 4 бұрандамен бекітіңіз.



Міндетті түрде тіректің алдыңғы және артқы жағын орнатыңыз.



ЕСКЕРТУ

- Теледидар алдыға қарай еңкейіп кетпеу үшін, бұрандаларды қаттылап бұраңыз. Тым қатты бұрап жібермеңіз.

Қазақша

(Тек 22LK33** үлгісінде)

1 Экран жағын төмен қаратып, теледидарды тегіс бетке қойыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Экранды зақымдамау үшін, беттің үстіне поролоннан төсеніш немесе жұмсақ шүберек жайыңыз.

2 Теледидарды суретте көрсетілгендей етіп жинаңыз.



(Тек 19/22LV23** үлгісінде)

1 Экран жағын төмен қаратып, теледидарды тегіс бетке қойыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Экранды зақымдамау үшін, беттің үстіне поролоннан төсеніш немесе жұмсақ шүберек жайыңыз.

2 **Тірек корпусының** бөлшектерін теледидардың **тірек негізімен** біріктіріңіз.



3 Теледидар мен тіректі 4 бұрандамен бекітіңіз.



ЕСКЕРТУ

- Теледидар алдыға қарай еңкейіп кетпеу үшін, бұрандаларды қаттылап бұраңыз. Тым қатты бұрап жібермеңіз.

(Тек 226/32LK33**, 32/37/42LK43**, 32/42/47LK53**, 32/37/42LK45**, 32/42LK55**, 47LK95**, 32/37/42LK46** үлгілерінде)

1 Экран жағын төмен қаратып, теледидарды тегіс бетке қойыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Экранды зақымдамау үшін, беттің үстіне поролоннан төсеніш немесе жұмсақ шүберек жайыңыз.

2 **Тірек корпусының** бөлшектерін теледидардың **тірек негізімен** біріктіріңіз.



3 Теледидар мен тіректі 4 бұрандамен бекітіңіз.



ЕСКЕРТУ

- Теледидар алдыға қарай еңкейіп кетпеу үшін, бұрандаларды қаттылап бұраңыз. Тым қатты бұрап жібермеңіз.

(Тек 19/22/26LV25**, 22/26LV55** үлгілерінде)

1 Экран жағын төмен қаратып, теледидарды тегіс бетке қойыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Экранды зақымдамау үшін, беттің үстіне поролоннан төсеніш немесе жұмсақ шүберек жайыңыз.

2 **Тірек корпусының** бөлшектерін теледидардың **тірек негізімен** біріктіріңіз.



3 Теледидар мен тіректі 2 бұрандамен бекітіңіз.



ЕСКЕРТУ

- Теледидар алдыға қарай еңкейіп кетпеу үшін, бұрандаларды қаттылап бұраңыз. Тым қатты бұрап жібермеңіз.

(Тек 32LV25**, 32/42LV34**, 32/37/40/42/47LV35**, 32/37/42/47LV45**, 32/42/47/55LW45**, 32/37/42/47LV36** үлгілерінде)

1 Экран жағын төмен қаратып, теледидарды тегіс бетке қойыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Экранды зақымдамау үшін, беттің үстіне поролоннан төсеніш немесе жұмсақ шүберек жайыңыз.

2 **Тірек корпусының** бөлшектерін теледидардың **тірек негізімен** біріктіріңіз.

Тек 32LV25** үлгілерінде	
32LV25** үлгілерінен басқасында	

3 Теледидар мен тіректі 4 бұрандамен бекітіңіз.



ЕСКЕРТУ

- Теледидар алдыға қарай еңкейіп кетпеу үшін, бұрандаларды қаттылап бұраңыз. Тым қатты бұрап жібермеңіз.

Қазақша

(Тек 42/47LW54**)

1 Экран жағын төмен қаратып, теледидарды тегіс бетке қойыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Экранды зақымдамау үшін, беттің үстіне поролоннан төсеніш немесе жұмсақ шүберек жайыңыз.

2 **Тірек корпусының** бөлшектерін теледидардың **тірек негізімен** біріктіріңіз.



3 Теледидарды суретте көрсетілгендей етіп жинаңыз.



4 Теледидар мен тіректі 4 бұрандамен бекітіңіз



ЕСКЕРТУ

- Теледидар алдыға қарай еңкейіп кетпеу үшін, бұрандаларды қаттылап бұраңыз. Тым қатты бұрап жібермеңіз.

Қазақша

Үстел тәріздес тіректі қолданбау

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

(Тек 42/50PT25**, 50/60PV25**, 42/50PT35**, 50PV35**, 50/60PZ25**, 42/50PW45**, 50/60PZ55**, 42/50PT45** үлгілерінде)

- Орнына түскенше, берілген қорғағыш қақпақты теледидардың түбіндегі саңылауға кіргізіп, басыңыз.
- Қорғаныс үлдірін жабыстырыңыз.
  - Сонда саңылауға шаң мен кір жиналмайды.
  - Қабырғаға бекіту қапсырмасын орнатқанда, **қорғағыш қақпақты** пайдаланыңыз.



(Тек 26/32LK33**, 32/37/42LK43**, 32/42/47LK53**, 32/37/42LK45**, 32/42LK55**, 47LK95**, 32/37/42LK46** үлгілерінде)

1 Сырт еткен дыбыс шыққанша, берілген қорғағыш қақпақты теледидардың түбіндегі саңылауға кіргізіп, басыңыз.



(Тек 22LK33** үлгісінде)

1 Теледидарды жазық бетке экранын төмен қаратып жатқызыңыз.

2 2 бұранданы шығарып, тіректі теледидардан тартып шешіңіз.



3 Орнына түскенше, берілген қорғағыш қақпақты теледидардың түбіндегі саңылауға кіргізіп, басыңыз.
Сонда саңылауға шаң мен кір жиналмайды.

Қазақша

Үстелге орнату

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

1 Теледидарды көтеріп, үстелге тігінен қойыңыз.

- Желдетуге арнап, қабырға мен теледидардың арасында 10 см (ең кемінде) бос орын қалдырыңыз.



2 Қуат сымын қабырғадағы розеткаға қосыңыз.



ЕСКЕРТУ

- Теледидарды жылу көзінің жанына немесе үстіне қоймаңыз: өрт шығу қаупі бар.

ЕСКЕРТПЕ

- 20 градусқа солға немесе оңға бұрып, теледидарды көру бұрышын реттеңіз. (22LK33**, 19/22/26LV25**, 22/26LV55**, 19/22LV23** үлгілерінен басқасында)



Теледидарды үстелге бекіту

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

(Тек 26/32LK33**, 32/37/42LK43**, 32/37/42LK45**, 32/42LK53**, 32/42LK55**, 32LV25**, 32/37LV35**, 32LW45**, 32/37LV45**, 32LV34**, 32/37/42LK46**, 32/37LV36** үлгілерінде)

Алдыға еңкейіп кетпеуі, зақымданбауы және адамға жарақат тудырмауы үшін, теледидарды үстелге бекітіп қойыңыз.

Теледидарды үстелге орнатып, берілген бұранданы тіректің артына салып, тартыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Құлап кетпеу үшін, орнату нұсқаулары бойынша теледидарды еденге/қабырғаға мықтап бекіту керек. Теледидарды еңкейткенде, шайқағанда немесе ырғағанда, адам жарақат алуы мүмкін.

Теледидарды қабырғаға бекіту

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



1 Сақиналы болттарды немесе теледидардың артқы жағындағы қапсырмалар мен болттарды кіргізіп, тартыңыз.
   - Сақиналы болттардың орнында басқа болттар болса, алдымен соларды шығарып алыңыз.

2 Қабырға қапсырмаларын болттардың көмегімен қабырғаға орнатыңыз.
   Қабырға қапсырмасы мен теледидардың артындағы сақиналы болттарды бір-біріне келтіріңіз.

3 Сақиналы болттарды және қабырға қапсырмаларын мықты баумен тартып байлап қойыңыз.
   Бау тегіс бетке көлденең тартылып тұру керек.

ЕСКЕРТУ

- Балалардың теледидарға шықпауын және асылып тұрмауын қадағалаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Теледидар теңселмей тұратын мықты және үлкен үстел немесе түпқойманы пайдаланыңыз.

Kensington қауіпсіздік жүйесін пайдалану Бұл (бұйым барлық үлгілерге қосылмаған)

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Kensington қауіпсіздік жүйесінің жалғағышы теледидардың артында орналасқан. Орнату мен пайдалану туралы қосымша ақпаратты Kensington қауіпсіздік жүйесімен бірге берілген нұсқаулықтан қараңыз немесе *http://www.kensington.com* торабына кіріңіз.

Kensington қауіпсіздік жүйесінің кабелі арқылы теледидар мен үстелді жалғаңыз.



Қабырғаға орнату

Теледидардың артқы жағына қабырға қабырғаға бекіту тетігін тағып, тетікті қатты, еденге перпендикулярлы түрде қабырғаға бекітіңіз. Теледидарды басқа құрылыс бөліктеріне орнату үшін, білікті мамандарға хабарласыңыз.

LG компаниясы қабырғаға бекітуді білікті кәсіби орнатушы орындауын ұсынады.



Қазақша

Міндетті түрде VESA стандартына сәйкес келетін бұрандаларды және қабырғаға бекіту тетіктерін қолданыңыз. Қабырғаға бекіту жинақтарының стандартты өлшемдері төмендегі кестеде берілген.

Бөлек сатылады (қабырғаға бекіту қапсырмасы)

Үлгі	42/50PT25** 42/50PT35** 50PV35** 50PZ25** 42/50PW45** 50PZ55** 42/50PT45** 50PV25**	60PV25** 60PZ25** 60PZ55**
VESA (A x B)	400 x 400	600 x 400
Стандартты бұранда	M6	M8
Бұрандалар саны	4	4
Қабырғаға бекіту қапсырмасы	PSW400B, PSW400BG 	PSW600B, PSW600BG 
Үлгі	22LK33** 19/22/26LV25** 22/26LV55** 19/22LV23**	26/32LK33** 32LK43** 32LK45** 32LK53** 32LK55** 32LV25** 32LV35** 32LV45** 32LW45** 32LV34** 32LK46** 32LV36**
VESA (A x B)	100 x 100	200 x 100
Стандартты бұранда	M4	M4
Бұрандалар саны	4	4
Қабырғаға бекіту қапсырмасы (қосымша)	LSW100B, LSW100BG 	
Үлгі	37/42LK43** 37/42LK45** 42LK55** 42/47LK53** 37LV35** 37LV45** 47LK95** 37/42LK46** 37LV36**	40/42/47LV35** 42/47LV45** 42/47/55LW45** 42/47LV36**
VESA (A x B)	200 x 200	400 x 400
Стандартты бұранда	M6	M6
Бұрандалар саны	4	4
Қабырғаға бекіту қапсырмасы	LSW200B, LSW200BG 	LSW400B, LSW400BG 

Үлгі	42LV34** 42/47LW54**
VESA (A x B)	400 x 400
Стандартты бұранда	M6
Бұрандалар саны	4
Қабырғаға бекіту қапсырмасы	LSW400BX, LSW400BXG 



ЕСКЕРТУ

- Алдымен қуатты ажыратыңыз, содан кейін барып теледидарды жылжытыңыз немесе орнатыңыз. Әйтпесе, ток соғуы мүмкін.
- Төбеге немесе қисық қабырғаға орнатса, теледидар құлап, ауыр жарақат тудыруы мүмкін. Рұқсат етілген LG қабырғаға бекіту тетігін қолданыңыз және жергілікті дилерге немесе білікті мамандарға хабарласыңыз.
- Бұрандаларды тым қатты бұрамаңыз: теледидар зақымданып, кепілдік күшін жоюы мүмкін.
- VESA стандартына сәйкес келетін бұрандаларды және қабырғаға бекіту тетіктерін қолданыңыз. Дұрыс қолданбау немесе сәйкес келмейтін қосалқы құралды пайдалану нәтижесінде болған зақымдар мен жарақаттар кепілдікке кірмейді.

ЕСКЕРТПЕ

- VESA стандартты бұранда сипаттамаларының тізімінде берілген бұрандаларды пайдаланыңыз.
- Қабырғаға бекіту жинағына орнату нұсқаулығы мен қажетті бөлшектер кіреді.
- Қабырғаға бекіту тетігіне байланысты бұрандалардың ұзындығы әртүрлі болуы мүмкін. Міндетті түрде қажетті ұзындықты таңдаңыз.
- Қосымша ақпаратты қабырғаға бекіту тетігімен берілген нұсқаулықтан қараңыз.

Кабельдерді жинау

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

(Тек 42/50PT25**, 50/60PV25**, 42/50PT35**, 50PV35**, 50/60PZ25**, 42/50PW45**, 50/60PZ55**, 42/50PT45** үлгілерінде)

1 **Қуат сымының ұстағышын** орнатып, **қуат сымын** жалғаңыз. Бұл қуат кабелінің байқаусызда ажырап кетуіне жол бермейді.



Қуат сымының ұстағышын

2 Кабельдерді жинап, **кабель ұстағышымен** қыстырып қойыңыз.
Электромагниттік толқынды азайту үшін LAN кабельді көрсетілгендей орнатыңыз.
(Тек 50PV350T, 50/60PZ250T, 42/50PW450T, 42/50PW451T, 50/60PZ550T үлгілерінде).

кабель ұстағышымен

CAUTION

- Теледидарды **кабель ұстағышынан** және **қуат сымының ұстағышынан** ұстап жылжытпаңыз. Кабель ұстағыштары сынып, жарақат алынуы немесе теледидар зақымдануы мүмкін.

(Тек 22LK33**, 19/22/26LV25**, 22/26LV55**, 19/22LV23** үлгілерінде)

1 Кабельдерді керекті түрде жалғап болған соң, **кабель ұстағышымен** көрсетілгендей орнатып, кабельдерді жинаңыз.



кабель ұстағышымен

(Тек 26/32LK33**, 32/37/42LK43**, 32/37/42LK45**, 32/42/47LK53**, 32/42LK55**, 47LK95**, 32/37/42LK46** үлгілерінде)

1 Кабельдерді жинап, кабель бауымен қысып қойыңыз.

2 Кабель бауын теледидарға мықтап бекітіңіз.



КАБЕЛЬ БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ

ЕСКЕРТПЕ

- Теледидарды жылжытқанда, кабель бауын ұстамаңыз: ол үзіліп, жарақат туу немесе теледидар зақымдануы мүмкін.

Қазақша

(Тек 32LV25**, 32/37/40/42/47LV35**, 32/42/47/55LW45**, 32/37/42/47LV45**, 32/42LV34**, 32/37/42/47LV36** үлгілерінде)

1 Кабельдерді қажетінше қосып болғаннан соң көрсетілгендей етіп КАБЕЛЬ ҰСТАҒЫШТЫ орнатыңыз және кабельдерді жинаңыз.



КАБЕЛЬ ҰСТАҒЫШЫМЕН

(Тек 42/47LW54** үлгілерінде)

1 Кабельдерді қажетінше қосып болғаннан соң көрсетілгендей етіп КАБЕЛЬ ҰСТАҒЫШТЫ орнатыңыз және кабельдерді жинаңыз.



КАБЕЛЬ ҰСТАҒЫШЫМЕН

Дисплейді орналастыру

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

(Тек 22LK33** үлгісінде)

Ыңғайлы болу үшін, панельді әртүлі жолмен орналастырып көріңіз.

• Еңкейту бұрышының диапазоны



Теледидарды жалғау

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

(Тек 19/22/26LV25**, 22/26LV55**, 19/22LV23** үлгілерінде)



Тұрақты ток адаптері

1 Антенна кабелін теледидардағы антенна кірісінің портына жалғаңыз.

2 Тұрақты ток адаптерінің штепсельдік ұшын теледидардағы қуат кірісінің ұясына жалғаңыз.

3 Қуат сымын алдымен тұрақты ток адаптеріне жалғап, содан кейін қуат сымын қабырға розеткасына қосыңыз.

ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ

Бұл нұсқаулықтағы сипаттамалар қашықтан басқару құралындағы түймелерге арналған. Нұсқаулықты мұқият оқып, теледидарды дұрыс пайдаланыңыз.

Батареяларды ауыстыру үшін, батарея қақпағын ашып, батареяларды (1,5 В AAA) ⊕ және ⊖ жақтарын ішіндегі белгілерге келтіріп салыңыз да, қақпақты жабыңыз. Қашықтан басқару құралын теледидардағы сенсорына бағыттау керек.

Батареяларды шығару үшін, орнатқандағы әрекеттерді керісінше орындаңыз.



ЕСКЕРТУ

- Ескі және жаңа батареяларды бірге салмаңыз: қашықтан басқару құралы зақымдануы мүмкін.



⏻(ҚУАТ)
Теледидарды қосады немесе өшіреді.

ENERGY SAVING (67-бетті қараңыз)
Тұтынылатын энергияны азайту үшін экранның жарықтығын реттейді.

AV MODE (44-бетті қараңыз)
AV режимін таңдайды.

КІРІС (44-бетті қараңыз)
Кіріс көзін өзгертеді және теледидарды қосады.

Теледидар/Радио
Радио, теледидар және DTV бағдарламаларын таңдайды.

LIGHT («Жарық»)
Қашықтан басқару құралының түймелеріне жарық береді.

Сан түймелері
Сандарды енгізеді.

ТІЗІМ (39-бетті қараңыз)
Сақталған бағдарламалар тізімін көрсетеді.

ЖЫЛДАМ КӨРІНІС түймесі
Бұрын қаралған бағдарламаларға әкеледі.

Қазақша







⊿ + -
Дыбыс деңгейін реттейді.

БЕЛГІЛЕУ
Мәзір немесе опцияны таңдайды.

ТАҢДАУЛЫ («Таңдаулы») (39-бетті қараңыз)
Таңдаулы бағдарламалар тізімін көрсетеді.

3D(тек 3D үлгілерінде)(49-бетті қараңыз)
3D бейнесін көруге пайдаланылады.

ПІШІМ (42-бетті қараңыз)
Бейненің өлшемін өзгертеді.

ДЫБЫСТЫ ӨШІРУ
Бүкіл дыбыстарды өшіреді.

P∧ ∨
Сақталған бағдарламаларда жылжиды.

БЕТ
Алдыңғы немесе келесі экранға өтеді.

CHAR/NUM («Әріп/сан»)
Әріпті және санды енгізу режимдерін ауыстырып қосады.

DELETE («Өшіру»)
Әріптер мен сандарды өшіреді.



Нұсқаулық
Бағдарлама нұсқаулығын көрсетеді.

Негізгі бет
Негізгі мәзірлерді көрсетеді.

Оң жағын/сол жағын таңдау (46-бетті қараңыз)
Жылдам мәзірлерді көрсетеді.

Жылжу түймелері (жоғары/төмен/солға/оңға)
Мәзірлер мен опциялар бойынша жылжиды.

OK
Мәзірлер мен опцияларды таңдап, енгізуді растайды.

Кері
Алдыңғы деңгейге қайтады.

АҚПАРАТ (40-бетті қараңыз)
Ағымдағы бағдарламаның және экранның ақпаратын көрсетеді.

ШЫҒУ
Экрандағы дисплейлерді кетіріп, теледидарды көру режиміне қайтарады.

Түсті түймелер
Бұл түймелер телемәтін (тек ТЕЛЕМӘТІН үлгілерінде), бағдарламаны өңдеу үшін қолданылады.
3D ПАРАМЕТРІ (тек 3D үлгілерінде)
3D бейнесін көру үшін қолданыңыз.



ТЕЛЕМӘТІН түймелері (90-бетті қараңыз)
Бұл түймелер телемәтінге арналған.
Қосымша ақпаратты «Телемәтін» бөлімінен қараңыз.



Субтитр
Сандық режимде қалаулы субтитрді қайта шығарады.

Басқару түймелері(■, ►, II, ◄◄, ►►)
МЕНІҢ МУЛЬТИМЕДИАМ мәзірлерін немесе SIMPLINK үйлесімді құрылғыларын (USB,SIMPLINK) басқарады.

ҚАТЫРУ
TV, AV, Component, RGB-PC немесе HDMI кіріс көздерін пайдаланғанда, ағымдағы кадрды қатырады.

SIMPLINK (89-бетті қараңыз)
Теледидарға қосылған AV құрылғыларына өтеді және SIMPLINK мәзірін ашады.

AD
Дыбысты сипаттау функциясын қосады немесе өшіреді.

ПІШІМ (42-бетті қараңыз)
Бейненің өлшемін өзгертеді.

ТЕЛЕДИДАР ҚАРАУ

Антеннаны жалғау

Теледидар қарау үшін, төмендегі нұсқаулар бойынша антеннаны жалғаңыз.
Зақым келмеу үшін, құрылғылар толық байланысып болғанша, қуат сымдарын розеткаға қоспаңыз.

RF кабелі (75 Ω) арқылы теледидарды қабырғадағы антенна ұясына жалғаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Сурет сапасы мейлінше оңтайлы болу үшін антеннаның бағытын лайықтаңыз.
- Сигнал әлсіз болған аймақтарда сурет сапасын мейлінше жақсарту үшін, сигнал күшейткішін суретте көрсетілгендей етіп антеннаға орнату керек болуы мүмкін.
- Егер антенна қосылған күйде бейне сапасы нашар болса, антеннаның бағытын түзетіңіз.
- Антенна кабелі мен конвертер жинаққа кірмейді.

Теледидарды бірінші рет қосу

Теледидарды бірінші рет қосқанда, Алғашқы орнату экраны пайда болады. Тілді таңдап, негізгі параметрлерді реттеңіз.

1 Қуат сымын розеткаға қосыңыз.

2 Күту режимінде теледидарды қосу үшін, ⏻(**ҚУАТ**) түймесін басыңыз.

Теледидарды бірінші рет қосқанда, Алғашқы орнату экраны пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Басты мәзірде **ПАРАМЕТР** тармағына өтіп, **Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру** мүмкіндігін пайдалануға болады.

3 Теледидардың параметрлерін қалауларыңызға сәйкес реттеу үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Тіл	Көрсетілетін тілді таңдайды.
⇩	
Режимді орнату	Үй ортасы үшін **Үйде қолдану** функциясын таңдайды.
⇩	
Қуат көрсеткіші	Қуат көрсеткішін орнатады. («Режим орнату» мәзірінен «Үйде қолдану» опциясын тек ЖД СКД теледидарлары үшін таңдаңыз)
⇩	
Ел	Көрсетілетін елді таңдайды. (Үлгіге байланысты)
⇩	
Уақыт белдеуі	Уақыт белдеуі мен жаз уақытын таңдайды. (Ел ретінде «Ресей» таңдалғанда)
⇩	
Кілт сөз орнату	Кілтсөзді орнатады. (Ел ретінде «Франция» таңдалғанда)
⇩	
Автоматты дәлдеу	Бар бағдарламаларды автоматты түрде іздеп, сақтайды.

Қазақша

ЕСКЕРТПЕ

- DTV хабар тарату стандарттары расталмаған елдерде, DTV хабар тарату ортасына байланысты, кейбір DTV мүмкіндіктері жұмыс істемеуі мүмкін.
- Мемлекет ретінде Франция таңдалғанда кілтсөз «0», «0», «0», «0» емес, «1», «2», «3», «4» болады.

4 Негізгі параметрлер орнатылғанда **OK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бастапқы параметрлердің орнатылуы аяқталмаса, олар теледидар қосылған сайын көрсетіледі.
- Теледидар ұзақ уақыт пайдаланбағанда, қуат сымын розеткадан ажыратыңыз.

5 Теледидарды өшіру үшін, ⏻(**ҚУАТ**) түймесін басыңыз.

Теледидар қарау

1 Күту режимінде теледидарды қосу үшін, ⏻ (**ҚУАТ**) түймесін басыңыз.

2 **КІРІС** түймесін басып, **Антенна** тармағын таңдаңыз.

3 Теледидарды өшіру үшін, ⏻(**ҚУАТ**) түймесін басыңыз.

Теледидар Күту режиміне өтеді.

Бағдарламаларды реттеу

Бағдарламаны автоматты түрде орнату

Антенна параметрін таңдау

Барлық қолжетімді бағдарламаларды автоматты түрде табу және сақтау үшін осы функцияны пайдаланыңыз.
Авто бағдарламалау функциясы іске қосылған кезде, бұрын сақталған кызмет ақпаратының бәрі жойылады.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерін басып, **Өздігінен баптау** тармағына апарыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерін басып **Антенна** тармағына апарыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

5 Автоматты дәлдеуді бастау үшін, **Бастау** пәрменін таңдаңыз.

Теледидар іздеп, бар бағдарламаларды автоматты түрде сақтайды.

6 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- 1,000 арна сақтауға болады. Сақталатын бағдарламалар саны таратылатын сигнал ортасына байланысты болады.
- **Автоматты нөмірлеу**: дәлдеу үшін сигнал тарату станциясы жіберген арна нөмірін пайдалану шешімін қабылдау сізге байланысты.
- Ел мәзірінде **Италия** таңдалғанда, «Өздігінен баптау» функциясынан кейін арна сәйкессіздігіне байланысты қалқымалы хабар көрсетілсе, сәйкес емес бағдарлама нөмірінің таратушысын таңдаңыз.
- Төмендегі елдерде DVB кабелін пайдалануға болады: Германия, Нидерланд, Швеция, Швейцария, Дания, Австрия, Финляндия, Норвегия, Словения, Венгрия, Украина,Ирландия, Польша, Румыния, Испания, Болгария, Ресей, Литва, Эстония, Латвия, Чехия. (Қолдау көрсетілетін елді қосуға болады.)
- Келесі елдерде сандық теледидарды пайдалану мүмкін емес: Босния, Қазақстан. (тек плазмалы теледидарда)

Кабель параметрін таңдау

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерін басып, **Өздігінен баптау** тармағына апарыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерін басып, **Кабель** тармағына апарыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

5 Жылжу түймелерін басып, **Comhem** немесе **Басқа операторлар** тармағына апарыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

6 Жылжу түймелерін басып, **Жылдам** немесе **Толық** тармағына апарыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

7 Жылжу түймелерін немесе сандық түймелерді басып, тиісті реттеулерді жасаңыз да (Толық режимінен басқа), **OK** түймесін басыңыз.

8 Автоматты дәлдеуді бастау үшін, **Бастау** пәрменін таңдаңыз.
Теледидар іздеп, бар бағдарламаларды автоматты түрде сақтайды.

9 Аяқтағанда, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

Қазақша

ЕСКЕРТПЕ

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- **Кабель** параметрін таңдағанда, әр елдегі кабель қызметінің жағдайына байланысты **Кабельдік қызмет операторы** таңдау экраны өзгеше болуы немесе мүлде болмауы мүмкін. (22/26/32LK335C, 32/37/42LK455C, 19/22/26/32LV255C, 32/37/42/47LV355C, 32/37/42LK469C, 32/37/42/47LV369C , 22/26/32LK336C, 32/37/42LK456C үлгілерінен басқасында)
- **Қызмет операторы** параметрін таңдауға арналған қалқымалы терезе бастапқыда тек 3 жағдайда көрсетіледі. Бұлар: **Өндіруші орнатқан күйге келтіру** мәзіріне кіргенде, **Антенна** режимінен **Кабель** режиміне ауысқанда және **Ел** параметрін өзгерткеннен кейін, мәзірге кірген жағдайда. (22/26/32LK335C, 32/37/42LK455C, 19/22/26/32LV255C, 32/37/42/47LV355C, 32/37/42LK469C, 32/37/42/47LV369C , 22/26/32LK336C, 32/37/42LK456C үлгілерінен басқасында)
- Аталмыш 3 жағдайдан басқа кезде қызмет оператор таңдау керек болса, **Параметрлерді орнату->Кабельдік DTV параметрлері-> Қызмет операторы** тармағын пайдалануға болады. (22/26/32LK335C, 32/37/42LK455C, 19/22/26/32LV255C, 32/37/42/47LV355C, 32/37/42LK469C, 32/37/42/47LV369C , 22/26/32LK336C, 32/37/42LK456C үлгілерінен басқасында)
- Алынған SO сертификаттары: Швеция (Comhem, Canal Digital), Дания (YouSee, Canal Digital, Stofa), Норвегия (Canal Digital), Нидерланд (Ziggo, UPC Digitaal), Украина (Volia-Cable), Германия (KDG), Швейцария (CableCom, UPC), Австрия (UPC Digital), Венгрия(UPC Digital), Ирландия(UPC Digital), Польша(UPC Digital), Румыния(UPC Digital), Ресей(OnLime)(Сертификат алған қызмет операторы қосылуы мүмкін.). (22/26/32LK335C, 32/37/42LK455C, 19/22/26/32LV255C, 32/37/42/47LV355C, 32/37/42LK469C, 32/37/42/47LV369C , 22/26/32LK336C, 32/37/42LK456C үлгілерінен басқасында)
- Егер қалаулы қызмет операторы болмаса, **Басқа операторлар** тармағын таңдаңыз. (22/26/32LK335C, 32/37/42LK455C, 19/22/26/32LV255C, 32/37/42/47LV355C, 32/37/42LK469C, 32/37/42/47LV369C , 22/26/32LK336C, 32/37/42LK456C үлгілерінен басқасында)
- «**Басқа операторлар**» тармағы таңдалса немесе таңдалған елде тек «**Басқа операторлар**» параметріне қолдау көрсетілсе, барлық арналарды іздеуге біраз уақыт кетуі немесе кейбір арналарды іздемеуі де мүмкін. (22/26/32LK335C, 32/37/42LK455C, 19/22/26/32LV255C, 32/37/42/47LV355C, 32/37/42LK469C, 32/37/42/47LV369C , 22/26/32LK336C, 32/37/42LK456C үлгілерінен басқасында)
- Кейбір арналар көрсетпесе, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. **ОРНАТУ** -> **Өздігінен баптау** -> **Кабель** -> **Параметр**
2. Үй баптауы параметрін «Сөндіру» күйінен «**Қосу**» күйіне ауыстыру
3. Жиілік, тарату жылдамдығы, модуляция, желі идентификаторы сияқты қосымша мәндерді енгізіңіз. (Жоғарыдағы ақпаратты кабельдік қызмет провайдерінен білуге болады.)

Төмендегі мәндер барлық қолжетімді бағдарламаларды жылдам әрі нақты табу үшін қажет.
Жиі пайдаланылатын мәндер «әдепкі» түрде орнатылған.
Дегенмен, дұрыс параметрлерді кабельдік қызмет провайдерінен біліп алыңыз.
DVB кабель режимінде **Өзіндік баптау** жүргізгенде, Толық параметрін таңдаса, қолжетімді арналарды табу үшін барлық жиіліктер ізделеді.
Бағдарлама Әдепкі параметрін таңдау арқылы ізделмеген жағдайда, іздеуді Толық параметрін таңдау арқылы жүзеге асырыңыз.
Дегенмен, бағдарлама Толық параметрін таңдау арқылы ізделсе, автоматты дәлдеуге тым ұзақ уақыт кетуі мүмкін.
Егер кейбір арналар Толық параметрі таңдалғанда табылмаса, In detail (Егжей-тегжейлі) құсбелгісін қойып, қайта дәлдеп көріңіз.

- **Жиілік**: пайдаланушы анықтайтын жиілікті енгізіңіз.
- **Символ қарқыны**: пайдаланушы анықтайтын тарату жылдамдығын енгізіңіз (Тарату жылдамдығы: модем сияқты құрылғының арнаға таңбаларды жіберу жылдамдығы).
- **Модуляциялау**: пайдаланушы анықтайтын модуляцияны енгізіңіз. (Модуляция: аудио немесе бейне сигналдарын тасушыға жүктеу).
- **Желі коды**: әрбір пайдаланушыға бірегей код беріледі.
- **Бастау жиілігі**: пайдаланушы анықтайтын бастау жиілігінің диапазонын енгізіңіз.
- **Аяқтау жиілігі**: пайдаланушы анықтайтын аяқтау жиілігі диапазонын енгізіңіз.

Кабельдік DTV параметрлері (Тек Кабель режимінде)

Пайдаланушы Қызмет операторы мәзірінен таңдай алатын функциялардың ауқымы әр елде қолдау көрсетілетін қызмет операторларының санына қарай әртүрлі болады. Егер әр ел үшін қолдау көрсетілетін қызмет операторының саны 1 болса, тиісті функция жұмыс істемейтін болады.

1. Негізгі мәзірлерге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.
2. Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
3. Жылжу түймелерін басып, **Кабельдік DTV параметрлері** тармағына апарыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
4. Жылжу түймелерін басып, **Қызмет операторы** немесе **Арнаның автожаңартылуы** тармағына апарыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
5. Қалаған сигнал көзін таңдаңыз.
6. Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.
   Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

- «Кабель» функциясын таңдасаңыз, «Кабельдік DTV орнату параметрі» мәзірін көре аласыз.
- **Арнаның автожаңартылуымүмкіндігі Қосу** күйінде болғанда, жаңартылуы мүмкін барлық арналарды, соның ішінде көрілудегі арнаны жаңартуға болады.
- **Арнаны автоматты жаңарту** функциясы өшіп тұрғанда, тек көріп отырған бағдарлама ақпаратын жаңарта аласыз.
- Қызмет операторы ретінде **Ziggo** таңдалғанда, **Кабельдік DTV параметрлері** тармағын таңдау мүмкін емес.

Бағдарламаны қолмен орнату (Сандық режимде)

Қолмен дәлдеу бағдарламаны бағдарламалар тізіміне қолмен қосуға мүмкіндік береді.

Антенна параметрін таңдау

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен **Қолмен күйге келтіру** пәрменіне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерін басып, **DTV** тармағына апарыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

5 Бағдарлама түрлері ішінде жылжып, бағдарламаларды қосыңыз немесе жойыңыз.

6 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

Кабель параметрін таңдау

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен **Қолмен күйге келтіру** пәрменіне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерін басып **Кабельді СТД** тармағына апарыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

5 Тиісті реттеулер жасаңыз.

6 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

Қазақша

ЕСКЕРТПЕ

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- Ел «Норвегия, Латвия» деп орнатылғанда, **SBAND** параметрін таңдауға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- **Тарату жылдамдығы**: пайдаланушы белгілейтін тарату жылдамдығын енгізіңіз (Тарату жылдамдығы: модем сияқты құрылғының каналға белгілерді жіберу жылдамдығы).
- **Модуляциялау**: пайдаланушы белгілейтін модуляцияны енгізіңіз. (Модуляция: аудио немесе бейне сигналдарын тасушыға жүктеу).
- Қызмет операторы ретінде **Ziggo** немесе Нидерланд елінің **Басқа операторлар** орнатылғанда, **Кабельді СТД** параметрін таңдау мүмкін емес.(22/26/32LK335C, 32/37/42LK455C, 19/22/26/32LV255C, 32/37/42/47LV355C, 32/37/42LK469C, 32/37/42/47LV369C, 22/26/32LK336C, 32/37/42LK456C үлгілерінен басқасында)

Арнаны қолмен орнату (Аналог режимінде)

Қолмен дәлдеу функциясы станцияларды ыңғайлы ретпен қолмен дәлдеуге және реттеуге мүмкіндік береді.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен **Қолмен күйге келтіру** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерін басып, **ТД** немесе **Кабельді ТД** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

5 Бағдарлама түрлері арасында жылжып, бағдарламаларды қосыңыз немесе жойыңыз.

6 Жылжу түймелерін басып, ТД жүйесі мәзіріне өтіңіз.

7 Жылжу түймелерінің көмегімен **V/UHF немесе Кабель** мәзірлеріне өтіңіз.

8 Жылжу немесе сан түймелерінің көмегімен керекті арнаға өтіңіз.

9 Жылжу түймелерінің көмегімен іздеуді бастаңыз.

10 Жылжу түймелерінің көмегімен **Сақтау** пәрменіне өтіп, **OK түймесін басыңыз.**

11 Аяқтағанда, **ШЫҒУ түймесін басыңыз.** Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- **L**: SECAM L/L’ (Франция)
- **BG**: PAL B/G, SECAM B/G (Еуропа / Шығыс Еуропа / Азия / Жаңа Зеландия / Таяу Шығыс / Африка)
- **I** : PAL I (Б.К. / Ирландия / Гонконг / Оңтүстік Африка)
- **DK**: PAL D/K, SECAM D/K (Шығыс Еуропа / Қытай / Африка / ТМД)
- Басқа арнаны сақтау үшін, 5-10 қадамдарды қайталаңыз.

Станцияларға ат беру

Әр бағдарламаға бес таңбалы нөмірмен станция атын бере аласыз.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен **Қолмен күйге келтіру** пәрменіне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерінің көмегімен **ТД немесе Кабельді ТД** параметрін таңдаңыз.

5 Жылжу түймелерінің көмегімен **Аты** параметріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

6 Жылжу түймелерінің көмегімен позицияны таңдап, екінші белгіні таңдаңыз, тағысын-тағы. A-Z алфавит әріптерін, 0-9 сандарын, «+/ -» таңбаларын және бос орын қойып, **OK** түймесін басыңыз.

7 Жылжу түймелерінің көмегімен **Жабу** пәрменіне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

8 Жылжу түймелерінің көмегімен **Сақтау** пәрменіне өтіп, **OK түймесін басыңыз**

9 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

Нақты дәлдеу (Үлгіге байланысты)

Әдетте нақты дәлдеу сигнал қабылдау сапасы нашар болғанда ғана қажет.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен **Қолмен күйге келтіру** пәрменіне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерінің көмегімен **ТД немесе Кабельді ТД** параметрін таңдаңыз.

5 Жылжу түймелерін басып, **Нақты** тармағын таңдаңыз.

6 Бейне мен дыбыс сапасын жақсартуға арналған нақты дәлдеу.

7 Жылжу түймелерінің көмегімен **Сақтау** пәрменіне өтіп, **OK** түймесін басыңыз

8 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

Күшейткіш

(Үлгіге байланысты)

Сигнал қабылдау нашар болса, Сигнал күшейткіші параметрін **Қосулы** күйіне келтіріңіз. Сигнал күшейгенде, **Off (Өшірулі)** күйін таңдаңыз.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 **Booster** (Сигнал күшейткіші) параметріне өту үшін Ауысу түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

4 **On** (Қосулы) немесе **Off** (Өшірулі) күйін таңдаңыз.

Бағдарламалар тізімін өңдеу

Бағдарлама нөмірі еленбей өтілсе, теледидар көріп жатқанда оны P **^**, **v** түймелері арқылы таңдау мүмкін болмайды.
Еленбеген бағдарламаны таңдау керек болса, бағдарлама нөмірін САНДЫҚ түймелер арқылы тікелей енгізіңіз немесе Бағдарламаны өңдеу мәзірінен таңдаңыз.
Бұл функция сақталған бағдарламаларды елемеу мүмкіндігін береді.
Автоматты дәлдеуді бастағанда, «Автоматты нөмірлеу» параметріне құсбелгі қойылмаған болса, «Жылжыту» функциясының көмегімен бағдарлама нөмірін өзгертуге болады.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерін басып, **Бағдарламаны өңдеу** тармағына апарыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

4 Сақталатын және еленбей өтетін бағдарламаларды таңдау үшін, жылжу түймелерін басыңыз.

5 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралғанда, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

DTV/РАДИО режимінде

Бағдарлама нөмірін өткізіп жіберу

1 Жылжу түймелерінің көмегімен еленбей өтетін арна нөмірін таңдаңыз.

2 Арна нөмірін қосу үшін, көк түймені басыңыз.

3 Жіберу үшін, көк түймені басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бағдарламаларды елемеу қажет болса, еленбей өтетін бағдарлама көк түспен көрсетіледі және теледидар қарау барысында P **^** немесе **v** түймелері арқылы таңдалмайтын болады.
- Еленбеген бағдарламаны таңдау керек болса, бағдарлама нөмірін САНДЫҚ түймелер арқылы тікелей енгізіңіз не болмаса, оны Бағдарламаны өңдеу мәзірінде немесе ЭБН арқылы таңдаңыз.

Бағдарлама нөмірін құлыптау

1 Жылжу түймелері көмегімен құлыптанатын бағдарлама нөмірін таңдаңыз.

2 Арна нөмірін қосу үшін, сары түймені басыңыз.

3 Жіберу үшін, сары түймені басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Оны **Бұғаттау жүйесі** мүмкіндігі **Сөндіру** күйінде болса да, құлыптау арнасы ретінде тіркеуге болады.

Теледидар режимінде

Бағдарламаны жою

1 Жылжу түймелері көмегімен жойылатын бағдарлама нөмірін таңдаңыз.

2 Арна нөмірін қосу үшін, қызыл түймені басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Таңдалған бағдарлама жойылып, кейінгі бағдарламалардың барлығы бір жол жоғары ауысады.

Бағдарламаны жылжыту

1 Жылжу түймелерінің көмегімен жылжытылатын арна нөмірін таңдаңыз.

2 Арна нөмірін қосу үшін, жасыл түймені, содан соң жылжу түймелерін басыңыз.

3 Жіберу үшін, жасыл түймені басыңыз.

Бағдарлама нөмірін өткізіп жіберу

1 Жылжу түймелерінің көмегімен еленбей өтетін арна нөмірін таңдаңыз.

2 Арна нөмірін қосу үшін, көк түймені басыңыз.

3 Жіберу үшін, көк түймені басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Арналарды елемей өту керек болса, елемей өтілген арна көк түспен көрсетіліп, теледидар көргенде, P ∧ ∨ түймелерімен таңдалмайтын болады.
- Еленбеген арнаны таңдау керек болса, арна нөмірін сан түймелері арқылы тікелей енгізіңіз немесе оны «Арнаны өңдеу» мәзірінде таңдаңыз.

Авто сұрыптау

1 Жылжу түймелерін басып, Авто Сұрыптау мүмкіндігін қосыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Авто сұрыптауды іске қосканнан кейін, бағдарламаларды өңдеу мүмкін болмайды.

Бағдарлама нөмірін құлыптау

1 Жылжу түймелері көмегімен құлыптанатын бағдарлама нөмірін таңдаңыз.

2 Арна нөмірін қосу үшін, сары түймені басыңыз.

3 Жіберу үшін, сары түймені басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Оны **Бұғаттау жүйесі** мүмкіндігі **Сөндіру** күйінде болса да, құлыптау арнасы ретінде тіркеуге болады.

Ұнамды бағдарламаны таңдау

1 Жылжу түймелерінің көмегімен керекті арнаны таңдаңыз.

2 Тиісті арнаны ағымдағы таңдаулылар тобының таңдаулылар тізіміне қосу үшін, **ТАҢДАУЛЫ** («Таңдаулы») түймесін басыңыз.

3 Босату үшін, **ТАҢДАУЛЫ** («Таңдаулы») түймесін басыңыз.

Ұнамды бағдарламалар тобын таңдау

1 Жылжу түймелерінің көмегімен керекті арнаны таңдаңыз.

2 Таңдаулылар тобын өзгертуге болатын қалқымалы терезені шығару үшін, **Жылдам мәзір** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен таңдаулылар тобын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

CI [Жалпы интерфейс] ақпараты

- Бұл мүмкіншілік бүкіл елдерге тиісті емес.

Бұл функция кейбір шифрланған қызметтерді көру мүмкіндігін береді (ақылы қызметтер). CI модулін алып тастаса, ақылы қызметтерді көру мүмкін болмайды.
Модуль CI ұясына салынып тұрғанда, модуль мәзіріне кіруге болады.
Модульді және смарт-картаны сатып алу үшін, дилерге хабарласыңыз. Теледидардан CI модулін жиі салып, шығара бермеңіз.
Бұл теледидарды бұзуы мүмкін. CI модулі енгізілгеннен кейін теледидарды қосқанда, дыбыс шықпауы мүмкін.

CI модулімен және смарт-картамен үйлесімсіз болуы мүмкін.

CI (Жалпы интерфейс) қызметі елдегі тарату жағдайларына байланысты пайдаланылмауы мүмкін.

CAM (Шартты қатынас модулі) модулін пайдаланғанда, оның DVB-CI немесе CI плюс талаптарына толық жауап беретінін тексеріңіз.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерін басып, **CI Ақпараты** тармағына апарыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

4 Модуль ақпараты, смарт-карта ақпараты, тіл, бағдарламалық құралды жүктеп алу, т.б. ішінен қажеттісін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

5 Аяқтағанда, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл экрандық мәзір тек көркемдеу үшін берілген, мәзір опциялары мен экрандық пішім ақылы сандық қызметтер жабдықтаушысына сәйкес әртүрлі болады.
- CI (Жалпы интерфейс) экрандық мәзірін және қызметтерді дилер көмегімен өзгертуге болады.

Бағдарламалар тізімін таңдау

Бағдарламалар тізімін көрсетіп, жадта қандай бағдарламалардың сақталғанын көруге болады.

Бағдарламалар ТІЗІМІН экранға шығару

1 Бағдарламалар тізіміне кіру үшін, **ТТІЗІМ** түймесін басыңыз.

2 Бағдарламаны өңдеу параметрін қосу үшін, көк түймені басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Кейбір көк бағдарламаларды көруіңізге болады. Бұл авто бағдармалау функциясымен немесе бағдарламаны өзгерту режимінде еленбейтін етіп реттелген.
- Бағдарлама тізімінде көрсетілген арна номері бар кейбір бағдарламалар станция аты жоқ екенін көрсетеді.

Бағдарламалар тізімінен бағдарламаны таңдау

1 Бағдарламаны таңдау үшін, жылжу түймелерін басыңыз.

2 Таңдалған бағдарлама нөміріне өту үшін, **OK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- TV/RAD («ТД/РАДИО») **түймесін басыңыз. (**Режим көріліп жатқан бағдарламадан ТД, СТД және Радио режимдеріне ауысады.)

Бағдарламалар тізімін қарап шығу

1 Беттерді ауыстыру үшін, **P** ∧ ∨ түймелерін басыңыз.

2 Қалыпты теледидар көру режиміне қайту үшін, **ТІЗІМ** түймесін басыңыз.

Таңдаулы бағдарламалар тізімін көрсету

1 Таңдаулы бағдарламалар тізіміне кіру үшін, **ТАҢДАУЛЫ** түймесін басыңыз.

2 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.

Түйме	Сипаттама
Көк түйме	Бағдарламаны өңдеу функциясын қосу.
Сары түйме	Ағымдағы арна ағымдағы таңдалған топта қалаулы арна ретінде тіркеледі/тіркеуден шығарылады.
OK	Көрілетін бағдарламаны таңдайды
< немесе **>**	Таңдаулы бағдарламалар тобы өзгереді.

Қазақша

ЭБН (Электрондық бағдарлама нұсқаулығы) (сандық режимде)

Жүйенің мүмкін барлық көру опциялары ішінде жылжуға көмектесетін электрондық бағдарлама нұсқаулығы (ЭБН) бар.
ЭБН бағдарлама тізімдері, барлық қолжетімді қызметтердің басталу және аяқталу уақыты сияқты ақпаратты көрсетеді. Оған қоса, ЭБН-да көбіне бағдарлама туралы толық ақпарат та болады (осы бағдарлама туралы мәліметтердің қолжетімділігі мен мөлшері тарату компаниясына тәуелді).
Бұл функцияны хабар тарату компаниялары ЭБН ақпаратын таратқанда ғана пайдалануға болады.
ЭБН функциясын пайдалану үшін, алдымен **Уақыт** мәзіріндегі Сағат параметрін орнату керек.
ЭБН 8 күнге арналған бағдарлама мәліметтерін көрсетеді.



- Ағымдағы бағдарлама ақпаратын көру үшін, **АҚПАРАТ** түймесін басыңыз.

	ТД немесе СТД бағдарламасымен көрсетіледі.
	Радио бағдарламасымен көрсетіледі.
MHEG	MHEG бағдарламасымен көрсетіледі.
HE-AAC	HE-AAC бағдарламасымен көрсетіледі.
4:3	Таратылатын бағдарламаның қатынас коэффициенті.
16:9	Таратылатын бағдарламаның қатынас коэффициенті.
	Телемәтін бағдарламасымен көрсетіледі.
	Субтитр бағдарламасымен көрсетіледі.
	Шифрланған бағдарламамен көрсетіледі.
D	Dolby Digital бағдарламасымен көрсетіледі.
D+	Dolby Digital PLUS бағдарламасымен көрсетіледі.
576i/p, 720p, 1080i/p: таратылатын бағдарламаның ажыратымдылығы	
	Ақпаратына байланысты белгішесі бар таратылатын бағдарлама Монитор шығысы тармағында көрсетілмеуі мүмкін.

>	Келесі бағдарламаның ақпаратын көрсетеді.
∨ немесе ∧	Басқа бағдарламалардың ақпаратын көрсетеді.

(тек плазмалы теледидарда)

OK	Жазу/еске салу параметрлерінің қалқымалы терезесі пайда болады.
∧ ∨	Таймермен жазу/еске салу параметрі режимін таңдайды.

немесе

(Тек СКД теледидарында/ЖД СКД теледидарында)



OK	Еске салу параметрлеріне арналған қалқыма терезе ашылады.
< >	Таймер еске салғышын орнату режимін таңдаңыз.

ЭБН-ды қосу/өшіру

1 ЭБН-ды қосу немесе өшіру үшін, **Нұсқаулық** («НҰСҚАУЛЫҚ») түймесін басыңыз.

Бағдарламаны таңдау

1 Қажетті бағдарламаны таңдау үшін, жылжу немесе P ∧ ∨ түймелерін басыңыз.



ҚАЗІРГІ/КЕЛЕСІ нұсқаулық режимі

Беріліп жатқан және одан кейін жоспарланған бағдарламаны қарауға болады.

Түйме	Сипаттама
Қызыл түйме	ЭБН режимін ауыстырады.
Сары түйме	Қолмен реттелетін таймер режиміне кіреді.
Көк түйме	Жоспарлы бағдарламалар тізімі режиміне кіреді.
OK	«Енді» параметрі таңдалғанда, ол таңдалған бағдарламаға өтеді де, ЭБН экраннан жоғалады. «Келесі» тармағы таңдалғанда, тапсырыс беру қалқымалы терезесі пайда болады.
< >	ҚАЗІРГІ немесе КЕЛЕСІ бағдарламаны таңдайды.
∧ ∨	Хабар тарату бағдарламасын таңдайды.
P ∧ ∨	Келесі/алдыңғы бетке өтеді.
Нұсқаулық	ЭБН-ды өшіреді.
КЕРІ	
ШЫҒУ	
Теледидар/ Радио	СТД немесе РАДИО бағдарламасын таңдайды.
АҚПАРАТ	Толық ақпаратты көрсетеді немесе жасырады.

8 күндік нұсқаулық режимі

Түйме	Сипаттама
Қызыл түйме	ЭБН режимін ауыстырады.
Жасыл түйме	Күнді орнату режиміне кіреді.
Сары түйме	Қолмен реттелетін таймер режиміне кіреді.
Көк түйме	Жоспарлы бағдарламалар тізімі режиміне кіреді.
OK	Ағымдағы хабар тарату бағдарламасы таңдалғанда, ол таңдалған бағдарламаға өтеді де, ЭБН экраннан жоғалады. Келесі таратылатын бағдарлама таңдалғанда, сақтау қалқымалы терезесі пайда болады.
< >	Бағдарламаны таңдайды.
∧ ∨	Хабар тарату бағдарламасын таңдайды.
P ∧ ∨	Келесі/алдыңғы бетке өтеді.
Нұсқаулық	ЭБН-ды өшіреді.
КЕРІ	
ШЫҒУ	
Теледидар/ Радио	СТД немесе РАДИО бағдарламасын таңдайды.
АҚПАРАТ	Толық ақпаратты көрсетеді немесе жасырады.

Күнді ауыстыру режимі

Түйме	Сипаттама
Жасыл түйме	Күнді орнату режимін өшіреді.
∨	
КЕРІ	
OK	Таңдалған күнге ауыстырады.
< >	Күнді таңдайды.
Нұсқаулық	ЭБН-ды өшіреді.
ШЫҒУ	

Ашылған сипаттама терезесі

Түйме	Сипаттама
АҚПАРАТ	Толық ақпаратты көрсетеді немесе жасырады.
∧ ∨	Келесі/алдыңғы мәтінге өтеді.
< >	Таймермен жазу/еске салу параметрі режимін таңдайды.
Нұсқаулық	ЭБН-ды өшіреді.
ШЫҒУ	

Жазу/еске салу параметрлерін орнату режимі

(тек плазмалы теледидарда)

Жазба үшін басталу және аяқталу уақытын, сондай-ақ, бағдарламаны орнатады; еске салғыш үшін басталу уақыты мен бағдарламаны орнатады,
ал аяқталу уақыты күңгірттеніп көрсетіледі.
Бұл функцияны pin8 жазба сигнализациясын пайдаланатын жазу жабдығы
SCART кабелі арқылы TV-OUT(AV1) терминалына жалғанған жағдайда ғана пайдалануға болады.
Жазу функциясына тек Сандық режимде қолдау бар, ал Аналогты режимде қолдау жоқ.

Түйме	Сипаттама
КЕРІ	Қолмен реттелетін таймер режимін өшіреді.
Сары түйме	Нұсқаулық режиміне ауысады.
Көк түйме	Жоспарлы бағдарламалар тізімі режиміне ауысады.
OK	Таймер жазбасын/еске салғышын сақтайды.
< >	Түр, Бастау Уақыты, Аяқтау Уақыты немесе Бағдарлама тармағын таңдайды.
∧ ∨	Еске салу немесе жазу функциясы параметрін таңдайды.

немесе

Еске салу параметрлерін орнату режимі

(Тек СКД теледидарында/ЖД СКД теледидарында)

Түйме	Сипаттама
КЕРІ	Қолмен реттелетін таймер режимін өшіреді.
OK	Қайталау параметрінің қалқыма терезесі ашылады.
Шарлау түймесі	Жоспарланатын күнді таңдаңыз.
Сары түйме	Нұсқаулық режиміне ауысады.
Көк түйме	Жоспарлы бағдарламалар тізімі режиміне ауысады.

Кесте тізімі режимі

Жоспарлы бағдарламалар тізімі жасалған болса, басқа бағдарлама қаралып жатса да, жоспарланған бағдарлама белгіленген уақытта көрсетіледі.
Ағымда жазылып жатқан бағдарламаны өңдеу немесе жою мүмкін емес.

Түйме	Сипаттама
Сары түйме	Қолмен реттелетін таймер режиміне ауысады.
Көк түйме **Нұсқаулық**	Нұсқаулық режиміне ауысады.
OK	Қажетті опцияны таңдайды (Өзгерту/Жою/Барлығын жою).
∧ ∨	Бағдарламаны таңдайды.
P ∧ ∨	Келесі/алдыңғы бетке өтеді.
КЕРІ	Жоспарлы бағдарламалар режимін өшіреді.

Қосымша опцияларды пайдалану

Кадр пішімін реттеу

Бейнені оңтайлы өлшемде көру үшін, теледидар көріп жатқанда, **ПІШІМ** түймесімен өлшемін өзгертіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бейненің өлшемін **ЖЫЛДАМ МӘЗІР** түймесін басу немесе Бейне мәзірлеріндегі **Пішім** тармағын таңдау арқылы да өзгертуге болады.
- Үлкейту параметрі үшін Пішім мәзірінен **14:9**, **Үлкейту** және **Фильм ұлғайту** тармақтарын таңдаңыз. Үлкейту параметрін орнатып болған соң, дисплей қайтадан Жылдам мәзірді көрсетеді.
- Component режимінде тек **4:3**, **16:9** (Кең), **14:9**, **Үлкейту/Фильм ұлғайту** параметрлерін таңдауға болады.
- HDMI режимінде тек **4:3**, Бастапқы, **16:9** (Кең), **14:9**, **Масштабтау/Кинотеатрлық масштабтау** пішімдерін таңдауға болады.
- RGB-PC, HDMI-PC режимінде тек **4:3**, **16:9** (Кең) пішімдерін таңдауға болады.
- DTV/HDMI/Құрылғы (720p мәнін көп) күйінде, **Just Scan** («Тек қарап шығу») параметрі қолданылады.
- Аналогтық/DTV/AV/Scart режимінде **Full Wide** («Толық кеңейту») экраны бар.

- **16:**9: бейнелерді экран еніне лайықтайды.

- **Just Scan**: («Тек қарап шығу»): бейне кескіндерді кескіннің жиегіндегі бөлшектерді жоғалтпастан бастапқы өлшемде көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

- **Ұлғайту параметрі** ғана таңдалса, бастапқы сигналда бейненің бұрмалануын байқауға болады.

- **Original** («Бастапқы»): кең экранды сигналды кабылдағанда, теледидар автоматты түрде жіберілетін бейне пішіміне ауысады.



Қазақша

- **Full Wide** («Толық кеңейту»): теледидар кең экранды сигналды алғанда, бейнені экранға толығымен кеңейту үшін, сызықтық пропорцияда бейнені көлденеңінен немесе тігінен реттеу керек болады.

  4:3 және 14:9 бейнелері DTV кірісі арқылы келетін бейне бұрмалауларынсыз экранға толық көрсетіледі.

- **4:3**: Суреттердің өлшемін алдыңғы standard 4:3 арақатынасына өзгертеді.

- **14:9**: сіз әлгіндей пішіні 14:9 суретті немесе теледидардағы бағдарламаны 14:9 режиммен көруіңізге болады. 14:9 экраны 4:3 экраны сияқты көрінеді, бірақ жоғары және төмен жылжиды.

- **Zoom** («Ұлғайту»): кескінді экран еніне шақ етіп үлкейтеді. Кескіннің жоғарғы және төменгі жағы пайда болмауы мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ

- Жылдам мәзірлеріндегі **Арасалмақ еселігі** тармағына өтсеңіз:
  - бейнені тігінен созу үшін, жылжу түймелерін басыңыз;
  - бейнені үлкейту немесе кішірейту үшін, жылжу түймелерін басыңыз.

- **Cinema Zoom** («Фильм ұлғайту»): синемаскоп 2.35:1 арақатынасындағы кескінді үлкейтеді.
  - Фильм ұлғайту арақатынасын өзгерту үшін Жылжу түймелерін және оның ауқымын 1-ден 16-ға дейін басыңыз.
  - Ұлғайту фокусын жоғары немесе төмен жылжыту үшін Жылжу түймелерін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер бейнені үлкейтсе немесе кішірейтсе, бейне бұрмалануы мүмкін.

AV режимдерін өзгерту

Әрбір AV режимінде оңтайлы кескін және дыбыс параметрлері бар.
Тиісті режимді таңдау үшін **AV MODE** түймесін қайта-қайта басыңыз.

Режим	Сипаттама
Өшірулі	Алдыңғы реттелген параметрлерге өзгерту
Кинотеатр немесе THX **Кинотеатр**	Кинематографиялық көрініс үшін оңтайлы кескін және дыбыс параметрін пайдалану
Спорттық	Серпінді әрекетті спорт үшін оңтайлы кескін және дыбыс параметрін пайдалану
Ойын	Жылдам ойын үшін оңтайлы кескін және дыбыс параметрін пайдалану PlayStation немесе Xbox арқылы ойын ойнаған кезде, **Game** «Ойын» режимін пайдалану ұсынылады. **Game** («Ойын») режимінде тұрғанда, кескін сапасына қатысты функциялар ойын ойнау үшін оңтайландырылады.

ЕСКЕРТПЕ

- AV режимінде **Өшірулі** күйі қойылса, басында орнатылған сурет пен кескін таңдалады.

Кіріс тізімін пайдалану

Кіріс көзін таңдау

1 **Кіріс** көздеріне қол жеткізу үшін INPUT түймесін басыңыз.
- Қосылған құрылғы әрбір кіріс көзінде көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Басты мәзірде **КІРІС** тармағын таңдап, кіріс көздерінің тізіміне өтуге болады.

2 Кіріс көздерінің біріне жылжу үшін Шарлау түймелері басып, **OK** түймесін басыңыз.
- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



Кіріс көзі	Сипаттама
Антенна немесе **кабель**	Оны DTV/РАДИО/ТД көру барысында таңдаңыз.
USB	Оны USB пайдалану қосқышқа тәуелді болған кезде таңдаңыз.
AV	Оны бейнемагнитофон немесе сыртқы жабдықты көру барысында таңдаңыз.
Құрамдас	DVD ойнатқышын немесе сандық ТАП құрылғысын пайдалану қосқышқа тәуелді болғанда таңдаңыз.
RGB	Оны компьютерді пайдалану қосқышка тәуелді болған кезде таңдаңыз.
HDMI	Оны DVD ойнатқышын, компьютер немесе сандық ТАП құрылғысын пайдалану қосқышқа тәуелді болғанда таңдаңыз.

Қосылған кіріс көздері қара болып, ал ажыратылған кіріс көздері сұр болып көрінеді.
- Кіріс жапсырмасын қосу шін Көк түймені басыңыз. Әрбір кіріс көзіне қосылған құрылғыны оңай анықтауға болады.
- SIMPLINK қатынасу үшін Қызыл түймені басыңыз.Егер “SIMPLINK және Қосу” таңдасаңыз, HDMI кірісінің қалқымалы терезесі көрсетілмейді.(Тек СКД теледидарында/ЖД СКД теледидарында)

Кіріс жапсырмасын қосу

Әрбір кіріс көзіне қосылған құрылғыны оңай анықтай алатындай етіп кіріс көзіне жапсырма қосыңыз.

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



1 Кіріс көздеріне қол жеткізу үшін **INPUT** (КІРІС) түймесін басыңыз.

2 **Blue** (Көк) түймені басыңыз.

3 Кіріс көздерінің біріне жылжу үшін Шарлау түймелерін басыңыз.

4 Кіріс жапсырмаларының біріне жылжу үшін Шарлау түймелерін басыңыз.

5 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

Теледидардағы түймелерді құлыптау (ата-аналық құлып)

Балалар жасауы мүмкін қалаусыз әрекеттерді немесе оқиғаларды болдырмау үшін теледидардағы түймелерді құлыптаңыз.

1 Басты мәзірлерге кіру үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 **LOCK** параметріне жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерін **Key Lock** параметріне жылжу үшін басып, **OK** түймесін басыңыз.

4 Құлыптау мүмкіндігін қосу үшін **On** күйін таңдаңыз.

- Құлыптау мүмкіндігін ажырату үшін **Off** күйін таңдаңыз.

5 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Теледидарды өшіргеннен кейін соңғы теледидар соңғы параметрді есте сақтап қалады.
- **Батырмаларды бұғаттау** мүмкіндігі қосулы болғанда теледидар өшірілсе, қашықтан басқару құралындағы ⏻, **INPUT**, **P** ∧ ∨ немесе сан түймелерін басыңыз.
- Егер құлыптау мүмкіндігі қосулы теледидардағы кез келген түймені бассаңыз, экранда ⚠ **Key Lock** хабары пайда болады.

Жылдам өту мәзірін пайдалану

Жиі пайдаланылатын мәзірлерді қалауыңызша өзгертіңіз.

1 Жылдам өту мәзірлеріне өту үшін **ЖЫЛДАМ МӘЗІР** түймесін басыңыз.

2 Келесі мәзірлерге жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



	Мәзір	Сипаттама
❶	**Кадр пішімі**	Кескін өлшемін өзгертеді (16:9, Just Scan, Original, Full Wide, 4:3, 14:9, Zoom, Cinema Zoom)
❷	**II таза дауыс**	Басқа дыбыстардан адам дауысын айыру арқылы пайдаланушыларға адам дауысын жақсы естуге мүмкіндік береді.
❸	**Сурет режимі (Үлгіге байланысты)**	Кескін режимін өзгертеді (Vivid («Айқын»), Standard («Стандартты»), APS, Cinema («Кинотеатр»), THX Cinema, THX Bright Room («Жарық бөлме»), Sport («Спорт»), Game («Ойын»), Photo(«Фото»), 1-сарапшы, 2-сарапшы)
❹	**Дыбыс режимі**	Дыбыс режимін өзгертеді (Standard («Стандартты»), Music («Музыка»), Cinema («Кинотеатр»), Sport («Спорт»), Game («Ойын»))
❺	**Аудио** немесе **Дыбыс тілі**	Дыбыс шығысын өзгертеді.
❻	**Автосөндіру таймері**	Уақыт ұзақтығын теледидар өшірілгенше дейін орнатады
❼	**Өткізуді өшіру/ қосу**	Өткізуді өшіру/қосуды орнатады.
❽	**USB құрылғысы**	USB құрылғысы қосылған кезде USB құрылғысын шығарады

ЕСКЕРТПЕ

- Бар мәзірлер және опциялар қолданыстағы кіріс көзінен өзгеше болуы мүмкін.

3 Қажетті опция өту үшін, Жылжу түймелерін басыңыз.

4 Реттеп болғаннан кейін, **ЖЫЛДАМ МӘЗІРІ** түймесін басыңыз.

Қазақша

Тұтынушы қолдауын пайдалану

Бағдарлама жаңартуын тексеру

Бағдарламаны сандық жерүсті хабар тарату жүйесі арқылы жүктеп алу үшін.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 **Тұтынушы қолдауына** жылжу үшін Қызыл түймені басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **Бағдарламаны жаңарту** тармағына жылжып барыңыз.

4 On күйіне жылжу үшін **Шарлау түймелерін** басып, **OK** түймесін басыңыз.
- Егер **Қосулы** күйі таңдалса, жаңа бағдарламалық құрал табылғанын ескерту үшін пайдаланушы растауы терезесі пайда болады.

5 Жұмысты аяқтаған кезде **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

«Бағдарламаны жаңарту» орнатқан кезде

- Кейде, жаңартылған цифрлық бағдарламалық ақпараттың жіберілуі теледидардың экранында келесі мәзірде болдырады.



- Қарапайым жаңарту: қазіргі жаңарту ағымы үшін



- Кестені жаңарту: жоспарланған жаңарту ағымы үшін
- Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту мәзірі “**Өшіру**” болған кезде, оны “**Қосу**” туралы хабар пайда болады.
- «**Иә**» таңдалған кезде, файлды қотару басталады. Осы кезде қотару барысын көрсететін қалқымалы терезе көрінбейді.
- Қотару барысын Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту мәзірінде тексеруге болады.



- Жүктеу аяқталғанда, теледидар өшіп, қайта қосылады.



ЕСКЕРТПЕ

- **Бағдарламалық құралдың жаңартылуы** барысында мынаны есте сақтаңыз:
  - Теледидарға қоректенудің берілуі үзілмеу керек.
  - Антеннаны ажыратуға болмайды.
  - **Бағдарламалық құрал жаңартылғаннан** кейін оның жаңа нұсқасын Бағдарламалық құралды жаңарту мәзірінде растауға болады.
  - Бағдарламалық жасақтаманы қотарып алу үшін бірнеше сағат керек, сондықтан қотару кезінде қуаттың болуын қадағалаңыз.
  - Бағдарламалық жасақтама тек күту режимінде немесе Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту қызметі бар MUX-те қотарылады және қуат сымы суырылғанда немесе Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту қызметінсіз MUX қараған кезде тоқтайды.
  - Сіз Күту режиміне немесе Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту қызметі бар MUX-ке оралғанда, бағдарламалық жасақтаманы қотару тоқтаған жерінен қайта басталады.

Суретті / дыбысты тексеру

Сурет және дыбыс тексеруін орындау үшін.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 **Тұтынушы қолдауына** жылжу үшін Қызыл түймені басыңыз.

3 **Суретті тексеру** немесе **Дыбысты тексеру** параметріне жылжу үшін Шарлау түймелерін басыңыз.

4 Иә параметріне жылжу үшін **Шарлау** түймесін басып, **O**K түймесін басыңыз.

5 Аяқтаған кезде **ШЫҒУ** түймесін басыңыз. Алдыңғы мәзірге қайтқан кезде **АРТҚА** түймесін басыңыз.

Сигнал тексеруді пайдалану

Өндіруші, үлгі/түрі, сериялық нөмірі және бағдарлама нұсқасы туралы қосымша ақпарат алу үшін.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 **Тұтынушы қолдауына** жылжу үшін Қызыл түймені басыңыз.

3 Сигнал тексеруге жылжу үшін **Шарлау түймелерін** басыңыз.

4 **OK** түймесін басыңыз.
- Өндіруші, үлгі/түрі, сериялық нөмірі, бағдарлама нұсқасы және арна туралы ақпарат.

5 Аяқтаған кезде **ШЫҒУ** түймесін басыңыз. Алдыңғы мәзірге қайтқан кезде **АРТҚА** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бапталған мультиплексордың сигнал күшін және ақпаратты көрсетеді.
- Сигнал және таңдалған мультиплексордың қызметтік аты туралы ақпаратты көрсетеді.
  (*MUX: сандық таратудағы арналардың жоғарғы директориясы (дара MUX түрлі арналарды қамтиды.))

Өнімді немесе қызмет ақпаратын пайдалану

Өнімді немесе қызмет ақпаратын тексеру үшін

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 **Тұтынушы қолдауына** жылжу үшін Қызыл түймені басыңыз.

3 **Өнім/қызмет ақпаратына** жылжу үшін Шарлау түймелерін басыңыз.
Үлгіге негізделген әртүрлі өнім/қызмет ақпаратын тексеруге болады.

4 Аяқтаған кезде **ШЫҒУ** түймесін басыңыз. Алдыңғы мәзірге қайтқан кезде **АРТҚА** түймесін басыңыз.

3D БЕЙНЕ

(Тек 3D үлгілерінде)

3D технологиясы

Бұл теледидар 3D тарату арқылы немесе Blu-ray 3D ойнатқышы сияқты үйлесімді құрылғыға қосылғанда 3D форматында көрсете алады. Теледидарды 3D форматта көру үшін осындай құрылғы керек. 3D теледидары әрбір көз үшін пішімделген екі бөлек суретті көрсетеді. Бұл бейнелерді 3D форматта көру үшін, көруші 3D көзілдірігін киюі керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

- 3D бейнелерін көргенде, кемінде экран енінің екі есесі болатын қашықтық сақтап, экранды толықтай көзіңіздің деңгейінде көре алатын болуыңыз керек.
- 3D бейнелерін тым жақын қашықтықтан немесе ұзақ уақыт бойы көрсеңіз, ол көру қабілетіңізге зиян тигізуі мүмкін.
- Ұзақ уақыт бойы 3D көзілдірікпен 3D бейнелерін теледидардан көру немесе 3D бейне ойындарын ойнау ұйқышылдыққа, бас ауруына және/немесе көздің шаршауына әкелуі мүмкін. Басыңыз ауырса, шаршасаңыз немесе ұйқылы болсаңыз, теледидар қарауды тоқтатып, демалыңыз.
- Жүкті әйелдер, кәрі, жүрек ауруы бар адамдар немесе ұйқышылдық жиі болатын адамдар 3D теледидарын көрмеуі керек.
- Кейбір 3D бейнелеуде бейнеде көрсетілген суреттен басыңызды июіңіз немесе тартып қалуыңыз мүмкін. Сондықтан, 3D теледидарды тез сынатын немесе құлату оңай заттардың жанында көрмеу керек.
- 5 жасқа толмаған балаларға 3D теледидарын көрсетпеңіз. Бұл олардың көру қабілетіне әсер етуі мүмкін.
- Фотосенсибилизациялық пароксизм қаупі: кейбір көрушілер теледидардағы немесе бейне ойындардағы жыпылықтайтын жарық немесе сурет сияқты факторлар болғанда пароксизм ауруына немесе эпилепсияға ұшырауы мүмкін. Сізде немесе жанұяңыздағы біреуде эпилепсия немесе пароксизм ауруы бар болса, 3D теледидарды көрмес бұрын, дәрігермен кеңесіңіз.
  Бұрын орын алмаған болса да, нақты анықталмаған жағдайларда келесі симптомдар пайда болуы мүмкін.
  Егер төмендегі белгілерді сезсеңіз, 3D бейнелерді қарауды дереу тоқтатып, дәрігермен кеңесіңіз: бас айналса немесе жай ауырса, алдындағы көріністер ауысса немесе өзгере бастаса, көздің немесе бұлшық еттің тартылуы сияқты көздің немесе беттің тұрақсыздығы пайда болса, еріктен тыс әрекеттер жасалса, сіңір тартылса, естен тану, шатасу, бағыттан адасу, тырысу немесе жүрек айну орын алса.
  Ата-аналар балаларда, сонымен қатар жасөспірімдерде осы белгілерді бақылауы керек, өйткені олардың 3D теледидарды көру әсерлеріне сезімталдығы жоғарырақ болуы мүмкін.
- Фотосенсибилизациялық пароксизм қаупін келесі әрекеттердің көмегімен азайтуға болады.
  » 3D теледидарды көргенде жиі үзілістер жасаңыз.
  » Әр көзінің көру қабілеті екі түрлі адамдар теледидарды көруін түзету шараларын қолданғаннан кейін көруі керек.
  » Теледидарды көздеріңіз 3D экранымен бір деңгейде болатындай көріңіз және теледидарға тым жақын отырмаңыз.
  » Шаршағанда немесе аурып тұрғанда 3D бейнелерін көрмеңіз және ұзақ уақыт бойы көруден сақтаныңыз.
  » 3D көзілдірікті 3D теледидарда 3D бейнелеуді көруден басқа ешбір мақсатта кимеңіз.
  » Кейбір көрушілер 3D теледидарды көргеннен кейін бағыттан адасуы мүмкін. Сондықтан, 3D теледидарды көргеннен кейін қозғалмас бұрын қайта орналасқаныңызды біліп алыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Теледидарды 3D форматта көру үшін 3D көзілдірікті кию керек. Ең жақсы нәтижеге жету үшін LG маркалы 3D көзілдірігін кию керек. Басқа маркалы 3D көзілдірікті пайдаланғанда, 3D бейнелеу тиісті түрде көрсетілмеуі мүмкін. 3D көзілдірікті пайдалану бойынша нұсқауларды 3D көзілдірік нұсқаулығынан қараңыз.
- Теледидарды қосқаннан кейін теледидардың дәлденуіне бірнеше секунд кетуі мүмкін.
- Теледидардан басқа жаққа қарап, көздеріңізді қайтадан 3D бағдарламаға қайтарғанда, 3D бейнелеуді көру үшін бір сәт кетуі мүмкін. (тек плазмалы теледидарда)
- Теледидар мен 3D көзілдірік арасында кедергі болса, 3D бейнелеу тиісті түрде көрсетілмеуі мүмкін. (тек плазмалы теледидарда)
- Теледидарды басқа электронды және РЖ жабдықтарының жанында пайдаланбаңыз. (тек плазмалы теледидарда)
- 2D бейнелерін көргенде, 3D көзілдірігін шешу ұсынылады. 2D бейнелерін 3D көзілдірігімен көргенде, кескін бұрмаланып көрінуі мүмкін.
- 3D бейнесі флюоресцентті жарықта көрсетілгенде, теледидар біраз жыпылықтауы мүмкін. Бұндай жағдайларда, жарықты сөндіру немесе күңгірттеу ұсынылады (тек плазма теледидарларында)
- 3D ТВ таратылымының стандарты болашақта өзгеріп, оны теледидар қолдамайтын болса, телевизиялық қондырғы сияқты бөлек құрылғы қажет болуы мүмкін.

3D көзілдірікті пайдаланғанда

ЕСКЕРТУ

- 3D көзілдірік бөлек сатылады. Пайдалану бойынша нұсқауларды 3D көзілдірік нұсқаулығынан қараңыз.
- Түзететін, күнге қарсы немесе қорғайтын көзілдіріктің орнына 3D көзілдірікті пайдаланбаңыз.
- 3D көзілдірікті ыстық немесе суық жерлерде сақтамаңыз.
- 3D көзілдірікке заттарды түсірмеңіз. Көзілдірікті түсірмеңіз немесе майыстырмаңыз.
- 3D көзілдірік линзалары тез сызылатындықтан, тек жұмсақ матамен тазалаңыз. Матаны пайдалану алдында бүкіл шаңды қағыңыз, өйткені көзілдірік тез сызылады.

3D бейнелеуді көру ауқымы

(тек плазмалы теледидарда)

Теледидар өлшемі, көру бұрышы және басқа жағдайлар көру қашықтығы мен көру бұрышын өзгертуі мүмкін.

Көру қашықтығы	2 м - 10 м
Көру бұрышы	120º (Қарау қашықтығы 2 м болғанда)

Қазақша

3D бейнелеуді қарау

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

3D бейнелері үшін 3D режимінде көру

1 3D бейнесін ойнатыңыз немесе 3D арнасын таңдаңыз.(2D to 3D режимін барлық мазмұн үшін қолдануға болады)

2 3D түймесін басып, экранда көрсетілген суреттен тиісті түрді таңдаңыз.(Түрді «3D бейне» қосымша бетінде таңдаңыз)



* Ескерту: 3D Blue-ray тақырыптарын ойнататын HDMI кірісі үшін 3D режимін автоматты түрде қосыңыз.

3 Экранға шыққан ақпарат терезесіндегі «OK» түймесін басыңыз.



немесе



4 3D режимін өшіру үшін, 3D түймесін басып, «OK» тармағын таңдаңыз.



3D бейнелері үшін 2D режимінде көру

1 3D бейнесін ойнатыңыз немесе 3D арнасын таңдаңыз.

2 3D түймесін басып, экранда көрсетілген суреттікімен бірдей түрді таңдаңыз.(Түрді «2D бейне» қосымша бетінде таңдаңыз)



3 2D режимін өшіру үшін, 3D түймесін басып, «OK» тармағын таңдаңыз..



3D жылдам өту мәзірінің параметрін пайдалану

1 **3D SETTING** түймесін басыңыз.

2 Use the following options while viewing 3D imaging.



немесе



(үлгіге байланысты)

Түйме	Сипаттама
3D кескінінің пішіні	Суреттің сыртқы жиектерін қиып алып, оны 3D режиміндегі толық экранға қиысатындай етіп созыңыз.
3D Depth	2D режимінен 3D режимінде 3D әсерін жақсарту үшін суреттегі нысан мен өң арасындағы қашықтықты реттейді.
3D қарау нүктесі	3D режимінде 3D әсерін жақсарту үшін суретті (оның ішінде нысан мен өң кескіндері бар) алдыға немесе артқа апарады.
3D сурет Баланс	3D режиміндегі суреттің оң және сол жағының арасындағы түс пен жарықтықты реттейді.
3D сурет жинағы	3D режимінде суреттің оң және сол жағындағы кескіндердің кезегін өзгертеді.

ЕСКЕРТУ

- Теледидарды 3D форматында көргенде кейбір мәзірлер жұмыс істемеуі мүмкін.
- 2D көзде 3D әсері қолданылса, 3D жұмыс істемеуі мүмкін.
- Сандық теледидар арналарын немесе кіріс көзін қосқанда, 3D бейнелеуі автоматты түрде өшеді.
- 2D DTV бейнелерін 3D бейнелеу режимінде көрсеңіз, экран дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- 3D әсерді теледидарға жіберілетін 3D кіріс сигналы үшін 3D режимі дұрыс таңдалса көруге болады.
- *mpo файлдары үшін (3D камера файлдары) 3D бейнелеу режимі автоматты түрде қосылады.
- Кейбір компьютерлік графика карталарында 3D бейнесі дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

* Тек СКД теледидарында/ЖД СКД теледидарында

- 3D mode параметрі таңдалса, «Қуат көрсеткіші» автоматты түрде өшеді.
- 3D бейнені көріп жатқанда, мәзірді пайдаланып, бейне немесе дыбыс параметрлерін реттеу мүмкін емес.
- Қашықтан басқару құралындағы **AV MODE** («Дыбыс/бейне режимі») түймесі арқылы «Стандартты → Кинотеатр → Ойын» тармағын ғана таңдауға болады. 3D режимінде ойнатылып жатқанда, AV режимі Стандартты ретінде орнатылады.
- Егер *.mpo файлын (3D камерасының файлы) пайдаланып артқы фон музыкасын ойнату керек болса, артқы фон музыкасының мазмұн жолы *.mpo файлы (3D камерасының файлы) болмаған толық өлшемді фотосурет көру экранына орнатылуы тиіс.
- 3D режиміне кіргенде, бейне режимі «Стандартты», ал «Энергияны үнемдеу» «Сөндіру» күйіне орнатылады.

КӘСІПОРЫН

Сымды желіге қосылу

(Үлгіге байланысты)

Теледидарды жергілікті желіге (LAN) LAN порты арқылы келесі суретте көрсетілгендей қосыңыз және желі параметрлерін орнатыңыз.
Сымды және сымсыз желілердің екеуі де қолжетімді болса, сымды желіні қолдану жақсырақ болады.
Жалғағаннан кейін үй желілірінің кейбіреулері теледидар желілер параметрлерінің реттелуін сұрауы мүмкін. Үй желілерінің көпшілігі үшін ТД ешбір баптауларсыз автоматты түрде қосылады.
Қосымша мәлімет алу үшін интернет провайдеріне хабарласыңыз немесе маршрутизатор нұсқаулығын қараңыз.



ЕСКЕРТУ

- Модульдік телефон кабелін LAN портына жалғамаңыз.
- Байланыс құрудың әр түрлі әдісі болғандықтан, телекоммуникация қызметін жеткізуші компаниясының немесе интернет қызметі провайдерінің нұсқауларын орындаңыз.

Желі параметрлерін орнату үшін: (тіпті ТД автоматты түрде қосылған болса да, орнату шеберін қайта іске қосу ештеңені зақымдамайды),

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерін басып, **ЖЕЛІ** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып, **Желі параметрі** тармағын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

5 Егер сымды және сымсыз желілер бір уақытта қосылған болса, шарлау түймелерін басып **Сымды** желіні таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

6 Егер Желі параметрін орнатып қойған болсаңыз, **Қалпына келтірілуде** пәрменін таңдаңыз. Жаңа байланыс параметрлері ағымдағы желі параметрлерін қалпына келтіреді.

7 **IP авто параметрі** немесе **IP қолмен параметрі** параметрін таңдаңыз.
- Егер **IP қолмен параметрі** параметрін таңдасаңыз, шарлау және сандық түймелерін басыңыз. IP мекенжайларын қолмен енгізу қажет болады.
- **IP авто параметрі**: сымды байланыс арқылы істеп тұрған жергілікті желіде DHCP сервері (маршрутизатор) болса, осы параметрді таңдаңыз. Теледидар автоматты түрде IP мекенжайын табады. DHCP (Басты компьютерді реттеудің динамикалық протоколы) сервері функциясы бар кең жолақты желі маршрутизаторын немесе модемін қолданған жағдайда. IP мекенжайы автоматты түрде анықталады.
- **IP қолмен параметрі**: желіде DHCP сервері болмаса немесе IP мекенжайын қолмен реттеу қажет болса, таңдаңыз.

8 Аяқтағанда **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Теледидарда интернетке тікелей қосылғыңыз келсе, интернетке жалғану мүмкіндігі әрдайым қосулы болуы қажет.
- Интернетке қосыла алмасаңыз, желідегі компьютерден желі жағдайын тексеріңіз.
- Network Setting (Желі параметрі) **пәрмені қолданылғанда,**, LAN кабелін немесе рутердегі DHCP қосулы тұрғандығын тексеріңіз.
- Желі параметрлерін реттеуді аяқтамасаңыз, желі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Желі параметрлерін орнату жайлы ескертулер

- Бұл теледидармен стандартты LAN кабелін қолданыңыз. RJ45 жалғағышы бар Cat5 немесе одан жақсысын пайдаланыңыз.
- Реттеу барысында орын алатын көптеген желі байланысының ақауларын рутерді немесе модемді сөндіріп және қайта қосып, жоюға болады. Ойнатқышты үй желісіне жалғағаннан кейін, қуатты жылдам өшіріңіз және / немесе үй желі рутерінің немесе кабельді модемнің қуат кабелін ажыратыңыз. Одан кейін қуатты қосыңыз және / немесе қуат кабелін қайта жалғаңыз.
- Интернет қызметінің провайдеріне қарай интернет қызметін қабылдайтын құрылғылар саны тиісті қызмет шарттарымен шектелуі мүмкін. Қосымша мәлімет алу үшін интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз.
- LG компаниясы байланыс қателеріне / кең жолақты желінің интернет байланысына және жалғанған басқа жабдықтарға қатысты ақаулардан пайда болатын теледидардың және / немесе интернет байланысы функциясының ақауларына жауапты болмайды.
- LG компаниясы интернет байланысындағы ақауларға жауапты болмайды.
- Желі байланысы арқылы қолжетімді болатын кейбір мазмұн түрлері теледидармен үйлесімді болмауы мүмкін. Мұндай мазмұн туралы сұрақ туындайтын болса, мазмұнның өндірушісіне хабарласыңыз.
- Желі байланысының жылдамдығы қолданыстағы мазмұнның талаптарына сай болмаса, орынсыз нәтижелер туындауы мүмкін.
- Кейбір интернетке қосылу әрекеттері кең жолақты желі интернет байланысын қамтамасыз ететін интернет провайдері орнатқан белгілі шектеулерге байланысты жасалмауы мүмкін.
- Интернет провайдері алатын кез келген ақыны, соның ішінде және ешбір шектеусіз, байланыс ақысын сіз төлейсіз.
- Осы теледидарға қосылу үшін 10 Base-T немесе 100 Base-TX LAN порты қажет. Интернет қызметі бұндай байланысқа рұқсат бермесе, теледидарды жалғау мүмкін болмайды.
- DSL қызметін қолдану үшін DSL модемі, ал кабельді модем қызметін пайдалану үшін кабельді модем қажет. Интернет провайдерінің кіру әдісіне және онымен жасалған жазылушы келісім-шартына қарай осы теледидардағы интернет байланысы мүмкіндігі қолжетімсіз болуы немесе бір уақытта жалғанатын құрылғылар саны шектелуі мүмкін. (Интернет провайдері жазылымды бір құрылғыға шектейтін болса, компьютер жалғанған уақытта теледидарды жалғауға рұқсат етілмеуі мүмкін.)
- «Рутердің» пайдалану рұқсат етілмеуі мүмкін немесе оның қолданысы интернет провайдерінің саясатына және шектеулеріне қарай шектелуі мүмкін. Толық ақпарат алу үшін тікелей Интернет провайдерімен хабарласыңыз.

Желі күйі

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерін басып **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерін басып, **ЖЕЛІ** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып, **Желі күйі** тармағын таңдаңыз.

5 Аяқтағанда **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.

Ерекшеліктер	Сипаттама
Параметр	Желіні реттеу мәзіріне оралу.
Тексеру	Желіні реттегеннен кейін ағымдағы желі күйін тексеріңіз.
Close («Жабу»)	Алдыңғы мәзірге қайтыңыз.

USB жад құрылғысын қосу

USB флэш жады, сыртқы қатты диск сияқты USB жад құрылғыларын теледидарға жалғап, мультимедиа мүмкіндіктерін пайдаланыңыз. (56-беттегі «Файлдарды шолу» тарауын қараңыз).
USB флэш жадын немесе USB жад картасын оқу құрылғысын теледидарға төмендегі суретте көрсетілгендей етіп қосыңыз. Менің медиа экраным пайда болады.



USB жад құрылғысын ажырату үшін теледидар немесе файлдарға зақым келмеуі үшін қосылымды дұрыс аяқтаңыз.

1 Жылдам өту мәзірлеріне қол жеткізу үшін **Жылдам мәзір** түймесін басыңыз.

2 **USB құрылғысына** жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шығару пәрменіне жылжу үшін **Шарлау** түймесін басып, **OK** түймесін басыңыз.

4 USB жад құрылғысын шығаруға болатынын хабарлайтын хабар шыққаннан кейін ғана ажыратыңыз.

ЕСКЕРТУ

- USB жад құрылғысы теледидарға қосулы кезде теледидарды өшірмеңіз немесе USB жад құрылғысын алып тастамаңыз, ол файлдардың жоғалуына немесе USB жад құрылғысының бұзылуына себеп болады.
- USB жад құрылғысына сақталған файлдардың көшірмесін жиі жасап тұрыңыз, файлдарды жоғалуы немесе бүлінуі мүмкін, олар кепілдікте қамтылмаған.

USB жад құрылғыларын пайдалану туралы кеңестер

- Тек USB жад құрылғысы танылады.
- USB жад құрылғысы USB хабы арқылы жалғанған болса, құрылғы танылмайды.
- Автоматты түрде тану бағдарламасын пайдаланатын USB дерек сақтау құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Өз драйверін қолданатын USB жад құрылғысы танылмауы мүмкін.
- USB дерек сақтау құрылғысын тану жылдамдығы құрылғыға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Жалғанған USB дерек сақтау құрылғысы жұмыс істеп тұрғанда теледидарды өшірмеңіз немесе USB құрылғысын ажыратпаңыз. Осындай құрылғы кенет ажыратылғанда немесе суырылғанда, сақталған файлдар немесе USB дерек сақтау құрылғысы зақымдануы мүмкін.
- Компьютерде жасанды түрде басқарылған USB дерек сақтау құрылғысын жалғамаңыз. Бұл құрылғы өнімді бұзуы немесе оның ойнатпауына себеп болуы мүмкін. Музыкалық файлдары, сурет файлдары немесе фильм файлдары қалыпты USB жад құрылғысын қолданыңыз.
- Windows амалдық жүйесімен берілген FAT32, NTFS файлдық жүйелері түрінде пішімделген USB жад құрылғысын ғана пайдаланыңыз. Windows жүйесі қолдамайтын басқа бір утилиталық бағдарлама ретінде пішімделген жағдайда, сақтау құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Сыртқы қуат көзін қажет ететін USB жад құрылғысына (0,5 A-ден артық) қуат беріңіз. Әйтпесе, құрылғы танылмауы мүмкін.
- USB жад құрылғысын құрылғының өндірушісі ұсынған кабельмен жалғаңыз.
- Кейбір USB дерек сақтау құрылғыларына дұрыс қолдау көрсетілмеуі немесе олар жақсы жұмыс істемеуі мүмкін.
- USB жад құрылғысының файлды туралау әдісі Window XP жүйесінікіне ұқсас және файл атауы 100 ағылшын тілінің таңбаларын таниды.
- USB жад құрылғысында сақталған деректердің зақымдалу қаупі болғандықтан, маңызды файлдардың сақтық көшірмесін жасауды ұмытпаңыз.
